«й»-дің алдыңғы шенінде келген «аа» дыбысы қазақ тіліндегі «әә» болып айтылады. Мысалы:

цайлаа—цәйләә

байлаа—бәйләә

ж, ч, ш үшеуінен басқа дауыссыздан кейін келген «и»-дің алдыңғы шеніндегі «а» дыбысы қазақ тіліндегі «ә» болып айтылады. Мысалы:

*барих—бәрік
харих—қәрік*

*тарих—тәрік
алим—әлім*

«э» белгінің алдыңғы шеніндегі «а» дыбысы қазақ тіліндегі «ә» болып айтылады да, соңғы шенінде келген «а» дыбысы «і» болып айтылады. Мысалы:

амьд—әмьд

амьтан—әмьтін

амьдрал—әмьдріл

8. «аа»-сөздің барлық шенінде ашық «а» дыбысымен бірдей көмейлей айтылады. Мысалы:

аав—ав

саах—сақ

9. «ай»-сөздің бірінші буын шенінде қазақ тіліндегі «әй»-мен бірдей айтылады да, біріншіден кейінгі буындарға «ай» қалпында айтылады. Мысалы:

сайхан—сәйқын

айх—әйқ

ачаатай—ачатай

10. «э»-сөздің бірінші буынында қазақ тіліндегі «е»-мен бірдей айтылады да, біріншіден кейінгі буында қазақ тіліндегі «і»-мен бірдей айтылады. Мысалы:

гэрэл—гәріл

дэвтэрлэх—дэвтірлік

үхэр—үкір

11. «ээ»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «е» дыбысымен бірдей көмейлей айтылады. Мысалы:

тээвэр—тевір

12. «эй»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «ей» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

чөлөөтэй—чөлөтей

эхтэй—ектей

13. «и»-жуан сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «ы» дыбысымен бірдей айтылады да, жіңішке сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «і» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

*ашиг—ашық
ачит—ачыт
ажил—ажыл*

*ишиг—ішік
жил—жіл
жимс—жімс*

«и» дыбысы жуан сөзде «ми, ни, ли, ги, ви, ри, ти, ди, хи» түрінде келсе, қазақ тіліндегі «і» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

амин—әмін	тарих—тәрік
танин—тәнін	ботийг—ботійг
солих—солиқ	бодит—бодіт
анги—әнгі	салхи—сәлкі
тавих—тәвік	

14. «ий»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «ій» түрінде айтылады. Мысалы:

тийм—тіім	энхрий—энхрій
-----------	---------------

15. «о»-сөздің бірінші буынында қазақ тіліндегі «о» дыбысымен бірдей айтылады да, біріншіден кейінгі буындарда қазақ тіліндегі «ы» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

номхон—номқын	орхон—орқын	гомдол—гомдыл
---------------	-------------	---------------

16. «оо»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «о» дыбысымен бірдей көмейлей айтылады. Мысалы:

хоол—хол	хооронд—хорынд
----------	----------------

17. «ой»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «ой»-мен бірдей айтылады.

хойно—хойны	холбогдолтой—холбыгдылтой
-------------	---------------------------

18. «ө»-сөздің бірінші буынында қазақ тіліндегі «ө» дыбысымен бірдей айтылады да, біріншіден кейінгі буында қазақ тіліндегі «і» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

өсөлт—өсілт	өнгөрсөн—өнгірсін
-------------	-------------------

19. «өө»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі «ө» дыбысымен бірдей көмейлей айтылады. Мысалы:

өөрөө-өрө

«у»-қазақ тіліндегі «ү» секілді айтылады. Мысалы:

туғ—түк	ургах—үрғык	дугуй—дүғұй
---------	-------------	-------------

21. «уу»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі жуан «у»-мен бірдей, яғни айту, бару деген сияқты жуан сөздегі «у»-мен бірдей айтылады. Мысалы:

ужим—ужым	дутуу—дүту	явуулах—явулық
-----------	------------	----------------

22. «уй»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегідей «үй»-мен бірдей айтылады. Мысалы:

уйлах—үйлық	манцуй—манцүй
-------------	---------------

23. «ү»-қазақ тіліндегі «ү»-мен бірдей айтылады. Мысалы:

үрэх—үрік	үсэг—үсік
-----------	-----------

24. «үү»-сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі көру, сөгу деген сияқты жіңішке сөзде жазылатын «у»-мен бірдей айтылады. Мысалы:

үүнээс—унес	түрүү—түру
-------------	------------

авбал—апбыл
авмағц—апмағц

давах—даптық
авч—апчы

36. «г»-жуан сөзде «г» дыбысынан кейін *а, о, у, ы* төртеуінің бірі келсе, қазақ тіліндегі «ғ» дыбысы түрінде айтылады. Мысалы:

газар—газыр
торго—торғы

гурван—ғұрбын
дарғын—дарғыйн

37. «г»-жіңішке сөзде қазақ тіліндегі «г» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

гэр—гер

өргөн—өргін

гинж—гінж

38. «г»-жуан сөзде сөздің аяғында келсе және сөз мейлі жуан, мейлі жіңішке болсын қатаң дауыссыздың алдында келсе, онда «г» қазақ тіліндегі «к» түрінде айтылады. Мысалы:

түг—түк
дарцаг—дарцық
цаг—цақ

агт—акт
гийгч—гийкч

39. «ж, з»-қазақ тіліндегі аффрикат «дж, дз» түрінде айтылады. Мысалы:

жимс—джімс

зам-дзам

40. «н»-дауысты дыбыстан кейін келсе, қазақ тіліндегі «ң» түрінде айтылады. Мысалы:

дүн—дүң

өңө—өңгі

мянга—мяңғы

41. «н»-дауысты дыбыстан кейін келген «н» дыбысынан кейін «д, з, ж, л, т, ц, ч, ш» дауыссыздары келсе, онда «н» қазақ тіліндегі «ң»-мен бірдей айтылады. Мысалы:

өндөр—өндір
хүнтэй—күнтэй
өнцөг—өнцік

өнжих—өнжік
өнчин—өнчин

42. «н»-нен кейін дауысты дыбыс келсе, қазақ тіліндегі «н» түрінде айтылады. Мысалы:

намар—намыр
номхон—номхын

нэгдэл—нэгділ
энэрэх—енірік

43. «р»-«а» қатысқан жуан сөздің басында келген ретте, алдынан «а» қосылып айтылады.

Ал, «е» қатысқан жіңішке сөздің басында келгенде, алдынан «е» қосылып айтылады. Мысалы:

Рагчаа—арықча

Рэнцэн—ерінцін

44. «х»-жуан сөзде қазақ тіліндегі «қ» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

хавар—қабыр

хагас—қағыс

хашаа—қаша

45. «х»-жуан сөзде «б», «и» дыбыстарының алдында не, олардан кейін келсе, қазақ тіліндегі «к» түрінде айтылады. Мысалы:

цохь—цокі

давхих—дәпкік

салхи—сәлкі

46. «х»-жиңішке сөзде қазақ тіліндегі «к» дыбысымен бірдей айтылады. Мысалы:

хэлэх—келік

хөх—көк

47. Монгол тіліндегі «б, д, к, л, м, н, с, т, ф, ц, ч, ш, шү»-дауыссыздарының айтылуы қазақ тіліндегі осы дауыссыздардың айтылуымен бірдей.

6. Казах хэлний авиазүйн зарим онцлог

эгшиг

48. Казах хэлний эгшиг үсгүүд: *а, э, е, о, ө, ү, у, ү, ы, і, ё, и, ю, я*. Казах хэлэнд урт эгшиг байхгүй.

49. «а»-үгийн нэгдүгээр үед монгол хэлний өргөлттэй үеийн ерийн «а» эгшигтэй адил дуудлагатай. Үгийн нэгдүгээр үеэс хойш үед монгол хэлний урт «аа»-гийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

арқа—архаа

тарқа—тархаа

50. «ай»-үгийн аль ч үед монгол хэлний нэгдүгээр үеэс хойш орсон, нэрлэвэл: ачаатай, хангай гэдэг үгийн «ай»-гийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

қаймақ—хаймаах

қалай—халай

51. «э»-үгийн аль ч үед монгол хэлний эр үгийн зөөлөрсөн гийгүүлэгчийн өмнө орсон «а»-гийн адил дуудлагатай; өөрөөр хэлбэл салхи, сахь, дахих гэдэг үгийн «а» эгшигийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

экем—ахьээм

дәрі—дарь

тәрбие—тарьбиэ

дәлел—дальээл

52. «е»-үгийн нэгдүгээр үед монгол хэлний өргөлттэй үеийн ерийн «э» эгшигтэй адил дуудлагатай. Үгийн нэгдүгээр үеэс хойших үед монгол хэлний урт «ээ»-гийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

екен—экээн

дүкендерге—дүкэндээргээ

есепші—эсэвчи

53. «ей»-үгийн аль ч үед монгол хэлний «эй» хос эгшигийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

кейде—кэйдээ

өнкей—өнкэй

дөңгелей—дөнгээлэй

54. «о»-үгийн нэгдүгээр үед монгол хэлний өргөлттэй үеийн ерийн «о» эгшигтэй адил дуудлагатай. Казах хэлэнд нэгдүгээр үеэс хойш «о» орохгүй.

орамал—ораамаал

отар—отаар

ораза—ораазаа

шоқпар—шохваар

55. «ой»-казах хэлэнд үгийн зөвхөн эхний үед тохиолдох бөгөөд монгол хэлний «ой» хос эгшигийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

ойпаң—ойпаан

тойлау—тойлау

ойла—ойлаа

56. «ө»-үгийн нэгдүгээр үед монгол хэлний өргөлттэй үеийн ерийн «ө» эгшигтэй адил дуудлагатай. Казах хэлэнд үгийн нэгдүгээр үеэс хойш «ө» орохгүй. Жишээ нь:

өзгөшө—өзгээшээ өзгеріс—өзгээрис төрге—төргээ

57. «өй»-казах хэлэнд үгийн зөвхөн эхний үед тохиолдох бөгөөд монгол хэлний «өй» авиатай тохирох юм. Жишээ нь:

көйлек—көйлээк сөйлө—сөйлээ бйткенмен—өйткесмен

58. «ү»-казах хэлэнд үгийн зөвхөн эхний үед тохиолдох бөгөөд монгол хэлний богино «у» эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

құлақ—хулаах тұмсық—тумсах ұл—ул

59. «ү»-казах хэлэнд үгийн зөвхөн эхний үед тохиолдох бөгөөд монгол хэлний богино «ү» эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

үлкен—үлкээн күлү—күлүү

60. «ы»-казах хэлэнд үгийн аль ч үед орох бөгөөд монгол хэлний эр үгийн балархай эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

табыс—табас ыдыс—идас ақы—аха

61. «і»-казах хэлэнд үгийн аль ч үед орох бөгөөд монгол хэлний эм үгийн балархай эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

ішік—ишиг етік—этэг

62. «и»-казах хэлэнд үгийн аль ч үед орох бөгөөд эм үгэнд монгол хэлний «ий» эгшгийн адил, эр үгэнд монгол хэлний «ы» эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

ине—ийнээ жи—жы
ки—кий оқиды—охыда

63. «у»-казах хэлэнд үгийн аль ч үед орох бөгөөд эр үгэнд монгол хэлний урт «уу» эгшгийн адил, эм үгэнд монгол хэлний урт «үү» эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

а. ту—туу б. улы—уула
отыру—оторуу үгу—үгүү
оқу—охуу үәде—үүәдээ

64. «ю» эр үгэнд монгол хэлний урт «юу» эгшгийн адил дуудлагатай. Эм үгэнд монгол хэлний урт «юү» эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

аю—аюу қою—хоюу кею—кэюү

65. «я»-монгол хэлний урт «яа» эгшгийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

яғни—ягааны сая—саяа аяқ—аяах

66. «ё»-жинхэнэ казах үгэнд орохгүй.

ГИЙГҮҮЛЭГЧ

Казах хэлний гийгүүлэгч үсгүүд. б, в, г, ф, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, х, ц, ш, щ. Эдгээр гийгүүлэгчээс хэлэгдэх та-лаар онцлогтой нь: «г, ф, ң, қ».

67. «г»-монгол хэлний «а, о, у, ы»-гийн өмнө орсон хэлний гүн үгийн «г» гийгүүлэгчийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

ғалым—галам қағаз—хагааз ғасыр—гасар

68. «г»-монгол хэлний эм үгийн «г» гийгүүлэгчийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

гүл—гүл

өгиз—өгөз

сегіз—сэгээз

69. «н»-монгол хэлний хамрын «н» гийгүүлэгчийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

мың—мин

данғыр—дангар

70. «к»-монгол хэлний эр үгэнд ордог «х» гийгүүлэгчийн адил дуудлагатай. Жишээ нь:

қара—хараа

қалақ—халаах

тақа—тахаа

III. МОҢГОЛ, ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫ МІНЕЗДЕМЕСІ

залгавар (қосымша)

а) дагавар (жұрнақ)

б) нөхцөл (жалғау)

а. жұрнақтар

монгол хэлний дагавар
(монгол тіліндегі жұрнақтар)

қазақ хэлний дагавар
(қазақ тіліндегі жұрнақтар)

1. -аа, -ээ, -ий,
-оо, -өө, -уу, -үү,
2. -в, -г, -д, -ж, -й, -л, -м, -н,
-р, -с, -т, -х, -ц, -ч, -ш
3. -ба, -бэ, -би, -бо, -бэ,
-за, -зэ, -зи, -зо, -зэ,
-га, -гэ, -ги, -го, -гэ, -гу, -гү,
-да, -дэ, -ди, -до, -дэ, -ду, -дү,
-жи
за, -зэ, -зо, -зө,
-йа(я), -йэ(е), -йо(ё), -иу(ю)
-ла, -лэ, -ль, -ло, -лө,
-ма, -мэ, -мь, -мо, -мө,
-ча, -чэ, -чь, -чо, -чө,
-ра, -рэ, -рь, -ро, -рө,
-са, -сэ, -со, -сө,
-та, -тэ, -то, -тө, -ть,
-ха, -хэ, -хо, -хө, -хь,
-ца, -цэ, -цо, -цө,
-ча, -чэ, -чи, -чо, -чө,
-ша, -шэ, -шо, -шө,

1. -а, -е, -ы, -і, -у,
2. -п, -к, -қ, -т, -ш, -с, -з, -й, -л,
-м, -н, -р, -ж, -ң,
3. -ба, -бе, -бы, -бі,
-ға, -ғы, -ге, -гі,
-да, -де, -ды, -ді,
-жа, -же, -жы, -жі,
-за, -зэ, -зы, -зі,
-йы, -йі, -йа, -йе,
-ла, -ле, -лы, -лі,
-ма, -ме, -мы, -мі,
-на, -не, -ны, -ні,
-ра, -ре, -ры, -рі,
-са, -се, -сы, -сі,
-та, -те, -ты, -ті,
-қа, -ке, -қы, -кі,
-ша, -ше, -шы, -ші,

Жоғары да көрсетілген үш типті жалаң жұрнақтар—моңғол тілінде де, қазақ тілінде де есім сөздер, етістіктер, үстеу сөздер және басқа сөз таптары жасалатын; тұлғасы да, сан шамасы да, ең тұрақты жұрнақтар.

Монгол, қазақ тілдерінде жоғарыда аталған үш типті жалаң жұрнақтардан құранды жұрнақтар жасалады. Олардың тұлғасы, сан шамасы жалаң жұрнақтардай тұрақты емес, екіден жоғары бірнеше

жалаң жұрнақтардан құралған қатыстылық сипатта болады. Құранды жұрнақтар екі тілде төмендегідей тұлғада кездеседі.

1) Монгол тілінде: «-цаг, -цэг, -цог, -цөг, -нғуй, -нгүй, -галаг, -гэлэг, -голог, -гөлөг, -мал, мэл, -мол, мөл, -лаг, лэг, -лог, -лөг, -маг, -мэг, -мог, -мөг, -хан, -хэн, -хон, -хөн, -бар, -бэр, -бор, -бөр, -дас, -дэс, -дар, -дэр, -дор, -дөр, -ган, -гэн, -гон, -гөн, -мсаг, -мсог, -мсөг, -нтаг, -вч, -мсар, -дрөг, -нцар, -нцэр, -нцор, -нцөр, -хай, -хий, -хой, -лиг, -сар, -чин, -тай, -тэй, -той, -рхаг, -рхэг, -рхог, -рхөг, -рхуу, -рхүү, -саг, -сэг, -сог, -сөг, -лхаг, -лхэг, -уун, -үүн, -мхай, -мхой, -мхий, -мгай, -мгой, -мгий, -мтгай, -мтгой, -мтгий, -нхай, -нхой, -нхий, -нги, -нгир, -гар, -гэр, -гор, -гөр, -шгуй, -шигт, -ууштай, -үүштэй, -втар, -втэр, -втор, -втор, ...» т. б. көптеген құранды тұлғада кездеседі.

2) Қазақ тілінде: «-пақ, -пек, -ғалақ, -гелек, -уыш, -уиш, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, -шылық, -шілік, -кер, -гер, -дақ, -дек, -лақ, -лек, -тақ, -тек, -айт, -ейт, -паң, -қал, -ынды, -інді, -нды, -нді, -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -сын, -сін, -мыс, -міс, -мал, -мел, -ман, -мен, -бан, -бен, -уыл, -уіл, -қын, -кін, -ғын, -гін, -асы, -есі, -шақ, -шек, -ғалақ, -гелек, -қарақ, -керек, -мсақ, -мсек, ...» т. б. көптеген тұлғада кездеседі.

б. Жалғаулар (нөхцөл)

Көптік жалғауы (олон тооны нөхцөл)

Монгол тілінде (монгол хэлэнд)

-нар,
-чууд, -чүүд, -чуул, -чүүл,
-нууд, -нүүд, -ууд, -үүд,
-с,
-д.

Қазақ тілінде (казах хэлэнд)

-лар, -лер,
-дар, -дер,
-тар, -тер,

Қолданылуы:

1) Монгол тілінде көптік жалғауының «нар, -чууд, -чүүд, -чуул, -чүүл» тұлғасы тек адамзат атауына ғана жалғанады. «Нар» тұлғасы адамзат атауынан соң бөлек жазылады. «-чууд, -чүүд, -чуул, -чүүл» тұлғалары атау сөзге үндестік заңы бойынша тура жалғанады.

2) «-нууд, -нүүд, -ууд, -үүд, -с, -д» тұлғалары адам мен хайуанат атауларына, жансыз заттар мен құбылыс атауларына тура жалғанады.

Мысалдар:

- | | |
|-----------------------|------------------------|
| 1. дүү нар (бауырлар) | эмэгтэйчүүд (әйелдер) |
| ах нар (ағалар) | залуучууд (жастар) |
| бағш нар (мұғалімдер) | монголчууд (моңғолдар) |
| эмч нар (дәрігерлер) | байчууд (байлар) |
| 2. ямаанууд (ешкілер) | нөхөд (жолдастар) |
| хэрээнүүд (қарғалар) | ноёд (терелер) |

ардууд (халықтар)
үсгүүд (эриптер)

ядуус (кедейлер)
нялхс (сэбилер)

Септік жалгауы (тийн ялгал)

септіктер (тийн ялгал)	жалгау (нөхцөл)		сұрауы (асуулт)		мысалдар (жишээнуүүд)
	монгол	казах	монгол	казах	
атау (нэрлэх)	—	—	хэн? юу?	кім? не?	ах (аға) эгч (эпеке) орон (орын) өвс (шөп)
йлік (харъяалах)	-ы, -ий, -ын, -ийн, -н,	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің,	хэний? юуны?	кімнің? ненің?	ахын (ағаның) эгчийн (эпекенің) орны (орынның) өвсний (шөптің)
барыс- жатыс (өгөх- орших)	-д, -т, -т.	-қа, -ке, -ға, -ге, -на, -не, -а, -е, -да, -де, -та, -те,	хэнд? юунд? хаама?	кімге? неге? кімде? неде?	ахад (ағага) эгчид (эпекеге) оронд (орынға) өвсөнд (шөпке)
табыс (заах)	-ыг, -ийг, -г,	-н, -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті,	хэнийг? юуг?	кімді? нені?	ахыг (ағаны) эгчийг (эпекені) орныг (орынды) өвсийг (шөпті)
шығыс (гарах)	-аас, -ээс, -оос, -өөс,	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен,	хэнээс? юунаас?	кімнен? неден? хаанаас?	ахаас (ағадан) эгчээс (эпекеден) орноос (орыннан) өвсөөс (шөптен)
үйлдэх (көмектес)	-аар, -ээр, -оор, -өөр,	-мен, -бен, -пен,	хэнээр? юугаар?	кіммен? немен?	ахаар (ағамен) эгчээр (эпекемен) орноор (орынмен) өвсөөр (шөппен)

біргелік (хамтрах)	-тай, -тэй, -той,	1. -мен, 1. -бен -пен 2. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті,	хэнтэй? юутай?	кіммен? немен? кіммен бірге? немен бірге?	1. ахтай (ағамен) эгчтэй (әпекемен) оронтой (орынмен) өвстэй (шөппен)
-----------------------	-------------------------	---	-----------------------	--	--

Тәуелдік жалғауы (хамаатуулах ёс)

а. (Биеийн хамаатуулах ёс)

Оңаша тәуелдеу

монгол тілінде

I минь, маань

II чинь, тань

III нь

қазақ тілінде

I -м, -ым, -ім,

-мыз, -міз, -ымыз, -іміз,

II -ң, -ың, -ің,

-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз,

-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз,

III -ы, -і, -сы, -сі,

Қолданылуы:

Моңғол тілінде үш жақпен оңаша тәуелдеудің жалғаулары тәуелденетін сөздерден соң бөлек жазылады.

Мысалдар:

- I малгай минь (тымағым)*
- эх орон маань (отаным)*
- хамт олон маань (қауымымыз)*
- явсан маань (барғаным)*
- II малгай чинь (тымағың)*
- хамт олон тань (қауымыңыз)*
- явсан чинь (барғаның)*
- III малгай нь (тымағы)*
- аав нь (әкесі)*
- ах нь (ағасы)*

б. Ортақ тәуелдеу

(ерөнхийлэн хамаатуулах ёс)

Моңғол тілінде тәуелдеудің үш жаққа ортақ түрі, тәуелденетін сөзге «-аа, -ээ, -оо, -өө» жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы:

монгол тілінде

би номоо уншсан
чи номоо уншсан
тэр номоо уншсан

қазақ тілінде

мен кітабымды оқыдым
сен кітабыңды оқыдың
ол кітабын оқыды

Оңаша тәуелдеулі септік жалғауы
(биеийн хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)

I жақ (бие)

септіктер (тийн ялгал)	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)
атау (нэрлэх)	багш минь (мүғалим) ном минь (кітабым)	багш нар маань (мүғалимдерім) номууд минь (кітаптарым)
ілік (харъяалах)	багшийн минь (мүғалим- імнің) номын минь (кітабым- ның)	багш нарын маань (мүғалимдерімнің) номуудын минь (кітаптарымның)
барыс- жатыс (өгөх орших)	багшид минь (мүғалим- ме) номд минь (кітабыма)	багш нарт маань (мүғалимдеріме) номуудад минь (кітаптарыма)
табыс (заах)	багшийг минь (мүғалим- імді) номыг минь (кітабымды)	багш нарыг маань (мүғалимдерімді) номуудыг минь (кітаптарымды)
шығыс (гарах)	багшаас минь (мүғалим- імнен) номыг минь (кітабым- нан)	багш нараас минь (мүғалимдерімнен) номуудаас минь (кітаптарымнан)
көмектес үйдэх	багшаар минь (мүғалим- іммен) номоор минь (кітабым- мен)	багш нараар минь (мүғалимдеріммен) номуудаар минь (кітаптарыммен)
біргелік (хаштрах)	багштай минь (мүғалим- іммен бірге) номтой минь (кітабым- мен бірге)	багш нартай минь (мүғалимдеріммен бірге) номуудтай минь (кітаптарыммен бірге)

II жақ (бие)

септіктер (тийн ялгал)	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)
атау (Нэрлэх)	багш чинь (мүғалимнің) ном чинь (кітабың)	багш нар тань (мүғалимдерің) номууд чинь (кітаптарың)
ілік (харъяалах)	багшийн чинь (мүғалим- іңнің) номын чинь (кітабың- ның)	багш нарын тань (мүғалимдеріңнің) номуудын чинь (кітаптарыңның)
барыс- жатыс (өгөх-орших)	багшид чинь (мүғалим- ңе) номд чинь (кітабыңа)	багш нарт тань (мүғалимдеріңе) номуудад чинь (кітаптарыңа)
табыс (заах)	багшийг чинь (мүғалим- іңді) номыг чинь (кітабыңды)	багш нарыг тань (мүғалимдеріңді) номуудыг чинь (кітаптарыңды)

шығыс	багшаас чинь (мұғалім-багш нараас тань (мұғалімдеріңнен) іңнен)	багш нараас тань (мұғалімдеріңнен)
(гарах)	номос чинь (кітабыңнан)	номуудаас чинь (кітаптарыңнан)
көмектес	багшаар чинь (мұғалім-багш нараар тань (мұғалімдеріңмен) іңмен)	багш нараар тань (мұғалімдеріңмен)
(үйлдэх)	номоор чинь (кітабыңмен)	номуудаар чинь (кітаптарыңмен)
біргелік	багштай чинь (мұғалім-багш нартай чинь (мұғалімдеріңмен) іңмен бірге)	багш нартай чинь (мұғалімдеріңмен бірге)
(хамтрах)	номтой чинь (кітабыңмен бірге)	номуудтай чинь (кітаптарыңмен бірге)

III жақ (бие)

септіктер (тийн ялгал)	жекеше (гаңц тоо)	көпше (олон тоо)
атау (нэрлэх)	багш нь (мұғалімі) ном нь (кітабы)	багш нар нь (мұғалімдері) номууд нь (кітаптары)
ілік (харьяалах)	багшийн нь (мұғалімінің) номын нь (кітабының)	багш нарын нь (мұғалімдерінің) номуудын нь (кітаптарының)
барыс-жатыс (өгөх орших)	багшид нь (мұғаліміне) номд нь (кітабына)	багш нарт нь (мұғалімдеріне) номуудад нь (кітаптарына)
табыс (заах)	багшийг нь (мұғалімін) номыг нь (кітабын)	багш нарыг нь (мұғалімдерін) номуудыг нь (кітаптарын)
шығыс (гарах)	багшаас нь (мұғалімінен) номоос нь (кітабынан)	багш нараас нь (мұғалімдерінен) номуудаас нь (кітаптарынан)
көмектес (үйлдэх)	багшаар нь (мұғалімімен) номоор нь (кітабымен)	багш нараар нь (мұғалімдерімен) номуудаар нь (кітаптарымен)
біргелік (хамтрах)	багштай нь (мұғалімімен бірге) номтой нь (кітабымен бірге)	багш нартай нь (мұғалімдерімен бірге) номуудтай нь (кітаптарымен бірге)

Ортақ тәуелдеулі септік жалғауы

(ерөнхийлөн хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)

тийн ялгал (септін)	нөхцөл (жалғау)		жишээ (мысал)		асуулт (сұрау)	
	монгол	казах	монгол	казах	монгол	казах
атау (нэрлэх)	—	—	мал гэр	мал үй	хэн? юу?	кім? не?
ілік (харьяалах)	-хаа	I -ымның, -імнің,	малын- хаа	I малымның үйімнің	хэний- хээ?	I кімім- нің
	-хээ	II -ыңның, -іңнің	гэрийн- хээ	II малыңның үйіңнің	юуны- хаа?	II кім- іңнің
	-хөө	III -ының, -інің, -сының, -сінің		III малының үйінің		III кімі- нің несімің

барыс- жатыс (өх оршжх)	-аа	I -ымда,		I малыма үйіме	хэндээ? юундаа?	I кіміме неме
	-ээ	-імде	малдаа			
	-оо	-ыма, -іме,	гэртээ	II малыца үйіңе		II кім- іңе
	-өө	II -ыңда, -інде		III малына үйіне		III кім- іме несіне
		-ыңа, -іңе, III -ында, -інде, -ына, -іне -сында, -сінде -сына, -сіне				
табыс (заах)	-аа.	I -ымды,	малы- гаа	I малымды үйімді	хэний? гээ?	I кімім- ді
	-ээ.	-імді,				немді
	-оо.	II -ыңды, -іңді,	гэрий- гээ	II малыңды үйіңді	юугаа?	II кім- іңді неңді
	-өө,	III -ың, -ің, -сын, -сін,		III малын үйін		III кім- ін несін
шығыс (гарах)	-аа:	I -ымнан,	малаа- саа	I малымнан үйімнен	хэнээ- сээ?	I кімім- нен
	-ээ,	-імнен,				немнен
	-оо, -өө,	II -ыңнан, -іңнен.	гэрээ- сээ	II малыңнан үйіңнен	юунаа- саа?	II кім- іңнен неңнен
		III -ынан, -інен -сынан, -сінен,		III малынан үйінен		III кім- інен несінен
көмектес (үйлдэх)	-аа.	I -ыммен,	-малаа- раа	I малыммен үйіммен	хэнээ- рээ?	I кімім- мен
	-ээ,	-іммен,				неммен
	-оо, -өө,	II -ыңмен, -іңмен.	гэрээ- рээ	II малыңмен үйіңмен	юугаа- раа?	II кім- іңмен неңмен
		III -сымен, -сімен,		III малымен үйімен		III кім- імен несімен
біргелік (хамтрах)	-гаа.	I -ыммен	малтай- гаа	I малыммен бірге үйіммен бірге	хэнтэй- гээ?	I кімім- мен
	-гээ, -гоо, -гөө,	бірге -іммен бірге	гэртэй- гээ			бірге неммен
		II -ыңмен бірге -іңмен бірге		II малыңмен бірге үйіңмен бірге	юутай? гаа?	II кім- іңмен бірге неңмен
	III -ымен бірге		III малымен бірге үйімен бірге		бірге III кім- імен	

-імен
бірге
-сымен
бірге
-сімен
бірге

бірге
несімен
бірге

Сын есім (тэмдэг нэр)

*Сын есімнің шырайлары
(тэмдэг нэрийн зэрэг)*

1. жай шырай (ерийн зэрэг)

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де заттың белгісін, түрін-түсін, сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, тағы басқа негізгі сын сипаттарын білдіретін сапалық сын есімдер *жай шырай* болып есептеледі. Мысалы:

моңғол тілінде

1. хөх (шар, хүрэн, улаан, ногоон, цагаан, хар) будаг:
2. өндөр (намхан) уул.
3. чанартай цаас.
4. том (жижиг) байшин.
5. хурдан (жороо) морь.
6. дулаан (хүйтэн) өдөр.
7. дугуй талбай. г. м.

қазақ тілінде

1. көк (сары, күрен, қызыл, жасыл, ақ, қара) бояу.
2. биік (аласа) тау.
3. сапалы қағаз.
4. үлкен (кішкене) үй.
5. жүйрік (жорға) ат.
6. жылы (суық) күн.
7. дөңгелек алаң. т. б.

**2. Салыстырмалы шырай
(харьцуулсан зэрэг)**

моңғол тілінде

1) дагавар (журнақ)

-втор, -втор, -втор, -втэр,
-дуу, -дүү, -нгуй, -галдуу,

2) есімнен соң «*лэт, шиг*» сөзін бөлек айту арқылы салыстырмалы шырай жасайды.

қазақ тілінде

1) журнақ (дагавар)

-рақ, -рек, -ырақ, -ірек,
-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу,
-қыт, -ғыл, -кылт, -ғылт,
-тым, -шыл, -шіл, -хай, -ақ,
-ен,
-кылым, -кілтім, -ғылым,
-гілігім,
-шылым, -шілігім,

жишээ (мысал)

- 1) цагаавтар (ақшыл)
боровтор (қоңырдау)
хөхөвтөр (көкшіл)
эрээвтэр (шұбарлау)
улаандуу (қызғылт)
шарангуй (сарғылт)
бөөрөнхийдүү (домалақтау)
шаргалдуу (сарғыштау)
- 2) хөө шиг хар (күйедей қара)
цас шиг цагаан (қағаздай ақ)

мысал (жишээ)

қысқарақ (богиновтор)
кішірек (жижгөвтөр)
көгірек (хөхөвтөр)
кішілеу (багавтар)
көкшіл (хөхөвтөр)
ақшыл (цагаавтар)
сұрғылт (сааралдуу)
сарғылым (шаргалдуу)
ақшылтым (цагаандуу)
көкшілтым (хөхөвтөрдүү)

Түсініктеме:

1. Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де, салыстырмалы шырайдың жұрнағы жалғанған сөздерді өзара екі тілге аударғанда сөздің мағына аумағына сай кез келген бір тұлғасына балама келеді.

2. Моңғол тілінде есім сөздерден соң бөлек айтылып, сол есім сөздерге салыстырмалы шырай мағынасын үстейтін «*шиг, мэт*» сөздері, қазақ тілінде «*-дай, -дей, -тай, -тей*» жұрнағына және «*секілді, тәрізді, сияқты*» сөздерге балама келеді.

3. Күшейтпелі шырай (*эрчимжүүлсэн зэрэг*)

Моңғол тілінде күшейтпелі шырай екі түрлі жолмен жасалады:

1). Сын есімнің алдында келген «*тун, маш, нэн, үлэмж, тас, цэл, цоо, асар, хязгааргүй, таг*» сөздері, сын есімге күшейтпелі мағына үстейді. Бұл сөздер, қазақ тілінде (аса, өте, тым, тым-ақ, тіпті, тіптен, шымқай, нағыз, нақ, ең, орасан, керемет) сөздерімен балама келеді.

2) Сын есімдердің алдынан, қазақ тіліндегідей сол сын есімнің басқы ашық буындарына *-в* жалғау арқылы жасалған күшейткіш мағына үстейтін буынды кабаттастыру арқылы жасалады.

Мысалдар:

1) тун тохиромжтой (тым қолайлы), маш том (өте үлкен), нэн олон (орасан көп), тас харацхуй (қап-қараңғы), цэл залуу (жап-жас), цоо шинэ (жап-жаңа), асар том (аса үлкен), тун хурдан (өте шапшаң), хязгааргүй үнэнч (өте адал, шексіз шыншыл); т. б.

2) хав хар (қап-қара), шав шар (сап-сары), хөв хөх (көп-көк), нов ногоон (жап-жасыл), тов тодорхой (ап-анық, бел-белгілі), шив шинэ (жап-жаңа); т. б.

4. Асырмалы шырай (*давуу зэрэг*)

Моңғол тілінде асырмалы шырай екі түрлі жолмен жасалады:

1) Заттың сын сыпатын салыстырған есімді шығыс септігімен тұлғаландырып, сын есімнің алдынан қолданады. Мысалы: *байшингаас* өндөр мод (үйден биік ағаш); *хөөнөөс* хар, *хөвөнгөөс* цагаан (күйеден қара, мақтадан ақ); *тэнгэрээс* өндөр (аспаннан биік); т. б.

2) Сын есімнің алдында «*туйлын, хамгийн, арай, илүү*» сөздері келген ретте сол сын есімге асырмалы шырайдың мағынасын үстейді. Мысалы: *туйлын* хурдан онгоц (асқан жылдам самолёт); *хамгийн* өндөр байшин (әскері биік үй, ең биік үй); *арай* өндөр байшин (әңтек биік үй); *илүү* чанартай (артық сапалы); т. б.

Сан есім (тооны нэр)

Моңғол тілінде төмендегі сан есімдер бар.

1. Есептік сан есім (үндсэн тооны нэр).
2. Реттік сан есім (дэс тооны нэр).
3. Жинақтық сан есім (хам тооны нэр).
4. Болжалдық сан есім (тойм тооны нэр).
5. Бөлшектік сан есім (бутархай тооны нэр).
6. Қайталама (мәртелік) сандар (дахих тооны нэр).
7. Топтық сан есім (түгээл тооны нэр).

1. Есептік сан есімдер

(үндсэн тооны нэр)

1—нэг (бір)	10—арав (он)
2—хоёр (екі)	20—хорь (жиырма)
3—гурав (үш)	30—гуч (отыз)
4—дөрөв (төрт)	40—дөч (қырык)
5—тав (бес)	50—тавь (елу)
6—зургаа (алты)	60—жар (алпыс)
7—долоо (жеті)	70—дал (жетпіс)
8—найм (сегіз)	80—ная (сексен)
9—ес (тоғыз)	90—ер (тоқсан)
	100—зуу (жүз)
	1000—мянга (мың)

1—10	100	1000
1—нэг	зуу	мянга
2—хоёр	зуу	мянга
3—гурван	зуу	мянга
4—дөрвөн	зуу	мянга
5—таван	зуу	мянга
6—зургаан	зуу	мянга
7—долоон	зуу	мянга
8—найман	зуу	мянга
9—есөн	зуу	мянга
10—арван	зуу	мянга

10000—арван мянга, түм (он мың).

100000—зуун мянга, бум (жүз мың).

1000000—сая (миллион).

10000000—арван сая, живаа (он миллион).

100000000—зуун сая, дүнчүүр (жүз миллион).

1000000000—тэрбум (миллиард).

Түсініктеме:

1) 11—999 аралығындагы есептік сандарда «ондык, жүздік» орындагы сандарға «н» дыбысы қосылып айтылады. Мысалдар:

10—100	1	2	3	4	5	6	7	8	9
10—арван	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
20—хорин	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
30—гучин	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
40—дөчин	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
50—тавин	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
60—жаран	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
70—далан	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
80—наян	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
90—ерөн	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес
100—зуун	нэг	хоёр	гурав	дөрөв	тав	зургаа	долоо	найм	ес

2) Зат есімнің алдынан келген «бір, екі»-ден басқа сан есімдерге «н» дыбысы қосылып айтылады. Мысалы: нэг (1) хүн, хоёр (2) хүн, гурван (3) хүн, дөрвөн (4) хүн, таван (5) хүн, зургаан (6) хүн, долоон (7) хүн, найман (8) хүн, есөн (9) хүн, арван (10) хүн, арван нэгэн (11) хүн; есөн зуун ерөн есөн (999) хүн т. б.

2. Реттік сан есім

(*дэс тооны нэр*)

Моңғол тілінде есептік сан есімге -дугаар, -дүгээр, дахь, дэх, қосымшасы жалғанып, реттік сан есім жасалады. Бұл қосымшалар қазақ тілінде -ыншы, -інші, -ншы, -нші, қосымшаларымен балама келеді:

аравдугаар (оныншы)
нэгдүгээр (бірінші)
арав дахь (оныншы)
ес дэх (тоғызыншы)

3. Жинақтық сан есім

(*хам тооны нэр*)

Моңғол тілінде жинақтық сан есімі, есептік сан есімге -уул, -үүл, қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Бұл қосымшалар, қазақ тіліндегі -ау, -еу, қосымшасымен балама келеді. Бір өзгешелігі бар, ол, қазақ тілінде -ау, -еу, қосымшасы бірден жетіге (1—7) дейінгі есептік санға жалғанады да, ал моңғол тілінде -уул, -үүл, қосымшасы бірден басқа кез келген есептік санға жалғана береді::

моңғол тілінде

2—хоёр+уул—хоёул (екеуі)
3—гурав+уул—гурвуул (үшеуі)
4—дөрөв+үүл—дөрвүүл (төртеуі)
7—долоо+уул—долуул (жетеуі)
20—хорь+уул—хориул (жиырма бірдей)
30—гуч+уул—гучуул (отызы бірдей)
80—ная+уул—наяул (сексені бірдей)

қазақ тілінде

біреу (нэг)
екеу (хоёул)
үшеу (гурвуул)
төртеу (дөрвүүл)
бесеу (тавуул)
алтау (зургуул)
жетеу (долуул)

4. Болжалдық сан есім

(*тойм тооны нэр*)

Моңғол тілінде болжалдық сан есімдер үш түрлі жолмен жасалады: 1) есептік сан есімдерге «-аад, -ээд, -оод, -өөд» қосымшасы жалғану арқылы; 2) есептік сан есімдерден соң «орчим, шахам, хэр, гаруй» (таяу, тарта, шақты, жуық) сөздерін тіркеп айту арқылы; 3) есептік сан есімдерді қайталама қос сөз ретінде қолданылу арқылы жасалады. Мысалы:

- 1) арваад (ондай, он шақты)
хориод (жиырмадай, жиырма шақты)
ерээд (тоқсандай, тоқсанға жуық)
мянгаад (мыңдай, мыңға жуық)
- 2) гуч орчим (отыз шақты, отызға жуық)
тавь гаруй (елу шақты, елуге тарта)
арав шахам (он шақты, онға жуық)
- 3) зургаа долоон (алты-жеті)
хорь гучин (жиырма-отыз)
тавь жаран (елу-алпыс)

5. Бөлшектік сан есімдер

(*Бутархай тооны нэр*)

Моңғол тілінде бөлшектік сан есімдердің бөлшек бөлімі ретінде айтылатын яғни бірінші сыңары ретінде айтылатын сан ілік септігінде тұрады да, бөлшек алымы ретінде айтылатын яғни екінші сыңары ретінде айтылатын сан атау тұлғада тұрады. Мысалы:

тоғыздың екісі $\frac{2}{9}$ —есний хоёр.

елудің он жетісі $\frac{17}{50}$ —тавины арван долоо.

Қазақ тілінде бөлшектік сан есімдердің бірінші сыңары яғни бөлімі ілік, шығыс септігінде тұрады да, екінші сыңары яғни алымы тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрады. Мысалы:

тоғыздың екісі $\frac{2}{9}$

тоғыздан екісі $\frac{2}{9}$

елудің он жетісі $\frac{17}{50}$

елуден он жетісі $\frac{17}{50}$

6. Топтық сан есімдер

(*түгээл тооны нэр*)

Моңғол тілінде топтық сан есімдер екі түрлі жолмен жасалады:

1) Есептік сан есімдерді қайталама қос сөз ретінде қолдану арқылы жасалады. Мысалы: хоёр хоёроор (екі-екіден); долоон долоон (жеті-жетіден);

2) Есептік сан есімдерге «-аад, -ээд, -оод, -өөд» қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: нэжгээд (бірден), хошоод (екіден).

Моңғол тілінде аталған екі түрлі жолмен жасалған топтық сан есімдері қазақ тілінде «-дан, -ден, -тан, -тен» қосымшасы арқылы жасалған топтық сан есімдермен балама келеді.

7. Қайталама (мәртелік) сан есімдер)

(*дахих тооны нэр*)

Моңғол тілінде қайталама (мәртелік) сан есімдер екі түрлі жолмен жасалады: 1) Есептік сан есімдерге -т (-таа, -тээ, -тоо, -төө) жұрнағы жалғану арқылы; 2) Есептік сан есімнен кейін «дахин, удаа» (қайта, дүркін, рет, мәрте) сөздерін тіркеп айту арқылы жасалады. Мысалы:

Хоёр удаа (екі рет, екі мәрте).

дөрөв дахин (төрт қайта, төрт мәрте).

гурвантаа (үш дүркін, үш рет).

Есімдік

(төлөөний үг)

Моңгол тiлiнде төмендегi есімдіктер бар:

1. Жиктеу есімдігі (биеийн төлөөний үг).
2. Сiлтеу есімдігі (заах төлөөний үг).
3. Сұрау есімдігі (асуух төлөөний үг).
4. Белгiсiздiк есімдігі (тодорхойгүй төлөөний үг).
5. Өздiк есімдігі (өөрийн төлөөний үг).
6. Жалпылау есімдігі (ялгах төлөөний үг).
7. Қимыл есімдігі (үйлийн төлөөний үг).

1) Жиктеу есімдігі (биеийн төлөөний үг)

ЕСКЕРТУ: Моңгол тiлiндегi жиктеу есімдігiнiң тәуелдiк жалғаулы септiктегi тулғасын, бұл ретте, қазақ тiлiндегiден гөрi не өзгешелiгi бар екендiгiн аңғарту үшiн сөзбе сөз аударып бердiк.

I жақ (бие)

септiктер (тийн ялгал)	жай септiк (энгийн тийн ялгал) жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)	тәуелдiк (хаматуулах жекеше (ганц тоо)	жалғаулы септiк (нохцөлтэй тийн ялгал) көпше (олон тоо)
атау (нэрлэх)	би-мен	бид-бiз, бiздер	би-мен	бид-бiз, бiздер
iлiк (харъяалах)	миний-	бидний- бiздiң мапай-	минийхээ-	биднийхээ-
барыс- жатыс (өх орших)	надад- магач менде	бидэнд- бiзге бiзге	наддаа- менiң өзiме	бидэндээ- бiздерiңе
табыс (заах)	намайг- менi	биднийг- бiздi	намайгаа- менiң өзiмдi	биднийгээ- бiздерiңдi
шығыс (гарах)	надаас- менен	биднээс- бiздөн	надаасаа- менiң өзiмнөн	биднээсээ- бiздерiңнөн
көмөктес (үйлдэх)	надаар- менiмен	биднээр- бiзбiн	надаараа- менiңмен	биднээрээ- бiзiңменен
бiргелiк (хамтрах)	надтай- менiмен бiрге	бидэнтэй- бiзбiн бiрге	надтайгаа- менiңмен бiрге	бидэнтэйгээ- бiзiңмен бiрге

II жақ (бие)

септіктер (тийн ялгал)	жай септік (энгийн тийн ялгал)		тәуелдік жалғаулы септік (хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)	
	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)
атау (нэрлэх)	чи-сен та-сіз	та нар- сендер сіздер	чи-сен	та нар-сендер сіздер
ілік (харъяалах)	чиний- сенің таны- сіздің	та нарын- сендердің сіздердің	чинийхээ- сенікінің таныхас- сіздікінің	та нарынхаа- сендердікінің сіздердікінің
барыс- жатыс (өгөх- орших)	чамд- саган сенде танд-сізге сізде	та нарт- сендерге сендерде	чамдаа- сенің өзіңе сенің өзіңде тандаа- өзіңізге	та наргаа- сендерімізге сіздерімізге
табыс (заах)	чамайг- сені таныг- сізді	та нарыг- сендерді сіздерді	чамайгаа- сенің өзіңді таныгаа- сіздің өзіңізді	та нарыгаа- сіздерімізді сендерімізді
шығыс (гарах)	чамаас- сенен танаас- сізден	та нараас- сендерден сіздерден	чамаасаа- сенің өзіңсен танаасаа- сіздің өзіңізден	та нараасаа- сендерімізден сіздерімізден
көментес (үйлдэх)	чамаар- сенімен танаар- сізбен	та нараар- сендермен сіздермен	чамаараа- сенің өзіңмен танаараа- сіздің өзіңізден	та нараараа- сендерімізден сіздерімізден
біргелік (хамтрах)	чамтай- сенімен бірге тантай- сізбен бірге	та нартай- сендермен бірге сіздермен бірге	чамтайгаа- сенің өзіңмен бірге тантайгаа- сіздің өзіңізбен бірге	та нартайгаа- сендерімізбен бірге сіздерімізбен бірге

III жақ (бие)

септіктер (тийн ялгал)	жай септік (энгийн тийн ялгал)		тәуелдік жалғаулы септік (хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)	
	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)
атау (нэрлэх)	энэ-бұл тэр-ол	эд-бұлар тэд-олар	энэ-бұл тэр ол	эд-бұлар тэд олар
ілік (харъяалах)	үүний- бұның түүний- оның	эдний- бұлардың тэдний- олардың	үүнийхээ- бұның түүнийхээ- оның	эднийхээ- бұларыңның тэднийхээ- оларыңның

барыс-жатыс	үүнд-бүгэн мунда	эдэнд-бүларға	үүндээ-бүныңа	эдэндээ-бүларыңа
(өгөх-орших)	түүнд-оған онда	тэдэнд-оларға	түүндээ-оныңа	тэдэндээ-оларыңа
табыс	үүнийг-бүны	эднийг-бүларды	үүнийгээ-бүныңды	эднийгээ-бүларыңды
(заах)	түүнийг-оны	тэднийг-оларды	түүнийгээ-оныңды	тэднийгээ-оларыңды
шығыс	үүнээс-бүдан	эднээс-бүлардан	үүнээсээ-бүныңнан	эднээсээ-бүларыңнан
(гарах)	түүнээс-онан	тэднээс-олардан	түүнээсээ-оныңнан	тэднээсээ-оларыңнан
көмөктөс	үүгээр-бүнымен	эднээр-бүлармен	үүгээрээ-бүныңмен	эднээрээ-бүларыңмен
(үйлдэх)	түүгээр-онымен	тэднээр-олармен	түүгээрээ-оныңмен	тэднээрээ-оларыңмен
биргелік	үүнтэй-бүнымен	эдэнтэй-бүлармен	үүнтэйгээ-бүныңмен	эдэнтэйгээ-бүларыңмен
(хамтрах)	түүнтэй-онымен бирге	тэдэнтэй-олармен бирге	түүнтэйгээ-оныңмен бирге	тэдэнтэйгээ-оларыңмен бирге

2) Сілтеу есімдігі (заах төлөөний үг)

Моңғол тіліндегі сілтеу есімдіктері: энэ, тэр, эд, тэд, ийм, тийм, эдгээр, тэдгээр.

Моңғол тілінде «энэ, тэр, эд, тэд» сілтеу есімдіктерінің септелуі жіктеу есімдігінің III жағымен бірдей.

«ийм, тийм, эдгээр, тэдгээр» есімдіктерінің септелуі төмендегідей:

	жай септіктер		тәуелдік жалғаулы септік	
	(тиін ялгал)	(энгийн тийн ялгал)	(хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)	
	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)	жекеше (ганц тоо)	көпше (олон тоо)
атау	ийм-	эдгээр-	ийм-осындай	эдгээр-осылар
(нэрлэх)	осындай тийм- сондай	осылар тэдгээр- солар	тийм-сондай	тэдгээр-солар
ілік	иймийн-	эдгээрийн-	иймийнхээ-	эдгээрийнхээ-
(харъяалах)	осындай- дың ийм- сонда- йының	осылардың тэдгээрийн- солардың	осындайының тиймийнхээ- сондайының	осыларының тэдгээрийнхээ- соларының

барыс-жатыс	иймд-осын-дайда	эдгээрт-осыларда	иймдээ-осындайына	эдгээртээ-осыларына
(өгөх-орших)	тиймд-сондайда	тэдгээрт-соларда	сондайына	соларына
табыс	иймийг-осындай-ын	эдгээрийг-осыларды	иймийгээ-осындайын	эдгээрийгээ-осыларын
(заах)	тиймийг-сондайын	тэдгээрийг-соларды	сондайын	соларын
шығыс	иймээс-осындай-дан	эдгээрээс-осылардан	иймээсээ-осындайынан	эдгээрээсээ-осыларынан
(гарах)	тиймээс-сондайдан	тэдгээрээс-солардан	сондайынан	соларынан
көмөктөс	иймээр-осындай-мен	эдгээрээр-осылармен	иймээрээ-осындайымен	эдгээрээрээ-осыларымен
(үйлдөх)	тиймээр-сондаймен	тэдгээрээр-солармен	сондайымен	соларымен
биргедік	иймтэй-осындай-мен бирге	эдгээртэй-осылармен бирге	иймтэйгээ-осындайымен бирге	эдгээртэйгээ-осыларымен бирге
(хамтрах)	тиймтэй-сондай-мен бирге	тэдгээртэй-солармен бирге	тиймтэйгээ-сондайымен бирге	тэдгээртэйгээ-соларымен бирге

3) Сұрау есімдігі (асуух төлөөний үг)

Моңғол тіліндегі сұрау есімдіктері: **хэн, юу, аль, ямар, хэд, аль хэр, хэдий хэр, хаа, хэдий, хичнээн, хэзээ** (кім, не, қай, қандай, неше, қаншалық, қайда, қаншама, қанша, қашан).

Моңғол тілінде сұрау есімдіктерінің септелуі төмендегідей:

а) жай септеумен септелуі

а.	хэн	юу	аль	ямар	хэд	хаа	хэдий	хич-нээн	хээ-зэ	аль хэр хэд-ий хэр
і.	хэний	юуны	алины	ямрын	хэд-ийн	—	хэдий-ний	хич-нээ-ний	хээ-зэ-ний	аль хэр-ийн хэд-ий хэр-ийн

б.	хэнд	юунд	алинд	ямарт	хэд- эд	хаа- ма	хэдийд	хич- нээ-	—	аль хэрд
ж.					хэд- энд			нд		хэд- ий хэрд
(ө. о)										
т.	хэнийг	юуг	алийг	ямрыг	хэд- ийг	хааг	—	хич- нээ- нийг	хээ- ээг	аль хэр- ийг хэд- ий хэр- ийг
(з)										
ш.	хэнээс	юунаас	алинаас	ямраас	хэд- ээс	хаа- наас	хэдий- нээс	хич- нээ-	хээ- ээ	аль хэр- ээс хэд- ий хэр- ээс
(г)					хэд- нээс			нээс	нээс	
к.	хэнээр	юунаар	алинаар	ямраар	хэд- ээр	хааг- уур	хэдий- гээр	хич- нээ- нээр	хээ- ээн ээр	аль хэр- ээр хэд- ий хэр- ээр
(ү)										
б.	хэнтэй	юутай	алинтай	ямартай	хэд- тэй	—	—	хич- нээн- тэй	—	аль хэр- тэй хэд- ий хэр- тэй
(х)										

4) Белгисздік есімдігі (тодорхойгүй төлөөний үг)

Моңгол тіліндегі белгисздік есімдіктері: «хэн ч, юу ч, ямар ч, ямарваа, аль ч, аливаа, хэзээ ч, хаа ч,».

Бұлардан «хэн, юу, аль, ямар» есімдіктері ғана сұрау есімдігіндегідей септеледі де «ч» олардан кейін бөлек жазылады.

5) Жалпылау есімдігі (ялгах төлөөний үг)

Моңгол тіліндегі жалпылау есімдіктері: «хамаг, цөм, бүгд, бүр, өөр, тус тус, зэрэг, ондоо, бусад, зарим». Бұлардың кейбіреуі толық септеледі де, кейбіреуі жартылай, яғни кейбір септіктермен ғана септеледі.

Септелетін жалпылау есімдіктері

атау (нэрлэх)	хамаг (күллі)	цөм (жаппай)	бүгд (бар- лығы)	бүр (эрбір)	өөр (өзге)	тус тус (эр қайсы)	зэрэг (қатарлы)	ондоо (өз- ге)
ілік (харъяалах)	хамгийн	цөмийн	бүгд- ийн	бүрийн	өөрийн	тус тусын	зэр- гийн	—
барыс-жатыс (өх орших)	—	цөмд	бүгд- эд	бүрд	өөрт	тус тусад	зэр- эгт	—
табыс (заах)	хамгийг	цөмийг	бүгд- ийг	бүрийг	өөрийг	тус тусыг	зэр- гийг	он- доо
шығыс (гарах)	хамгаас	цөмөөс	бүгд- ээс	бүрээс	өөрөөс	тус тусаас	зэр- гээс	—
көмектес (үйлдэх)	хамгаар	цөмөөр	бүгд- зэр	бүрээр	өөрөөр	тус тусаар	зэр- гээр	он- доо- гоор
біргелік (хамтрах)	—	цөмгэй	бүгд- тэй	бүртэй	өөртэй	тус тустай	зэр- эгтэй	он- доо- той

б) Өздік есімдігі (өөрийн төлөөний үг)

Өздік есімдігіне моңғол тілінде «*өөрөө*» сөзі; қазақ тілінде «*өз*» сөзі жатады. Өздік есімдігі моңғол тілінде де, қазақ тілінде де, жеке-ше көпше түрде; онаша және ортақ тәуелдеулі септік тұлғасында; қазақ тілінде үш жақта қолданылады да, моңғол тілінде үш жаққа ортақ қолданылады. Мысалы:

Моңғол тілінде (моңғол хэлэнд)

- Би өөрөө уншина (мен өзім оқимын)
- Чи өөрөө уншина (сен өзің оқисын)
- Та өөрөө уншина (сіз өзіңіз оқисыз)
- Тэр өөрөө уншина (ол өзі оқиды)

Қазақ тілінде (казах хэлэнд)

- өзім—би өөрөө
- өзің—чи өөрөө
- өзі—өөрөө

Өздік есімдігінің септелуі

(өөрийн төлөөний үгийг тийн ялгалаар ялгаллах нь)

а) жекеше (ганц тоо)

септік (тийн ялгал)	жай септік (энгийн тийн ялгал)	ортақ тәуел- деулі септік (ерөнхийлөн хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)	оңаша тәуелдеулі септік (гурван биед хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)
атау (нэрлэх)	өөрөө (өзі)	өорөө (өзі)	өөрөө (өзі)
ілік (харъяалах)	өөрийн (өзінің)	өөрийнхөө (өзінің гана)	өөрийн минь (өзімнің) өөрийн чинь (өзіңнің) өөрийн нь (өзінің)
барыс-жатыс (өгөх-орших)	өөрт (өзіне)	өөртөө (өзіне гана)	өөрт минь (өзіме гана) өөрт чинь (өзіңе гана) өөрт нь (өзіне гана)
табыс (заах)	өөрийг (өзін)	өөрийгөө (өзін гана)	өөрийг минь (өзімді) өөрийг чинь (өзіңді) өөрийг нь (өзін)
шығыс (гарах)	өөрөөс (өзінен)	өөрөөсөө (өзінен гана)	өөрөөс минь (өзімнен) өөрөөс чинь (өзіңнен) өөрөөс нь (өзінен)
көмектес (үйлдэх)	өөрөөр (өзімен)	өөрөөрөө (өзімен гана)	өөрөөр минь (өзіммен) өөрөөр чинь (өзіңмен) өөрөөр нь (өзімен)
біргелік (хамтрах)	өөртэй (өзімен бірге)	өөртэйгөө (өзімен бірге гана)	өөртэй минь (өзіммен бірге) өөртэй чинь (өзіңмен бірге) өөртэй нь (өзімен бірге)

б) көпше (олон тоо)

септік (тийн ялгал)	жай септік (энгийн тийн ялгал)	ортақ тәуел- деулі септік (ерөнхийлөн хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)	оңаша тәуелдеулі септік (гурван биед хамаатуулах нөхцөлтэй тийн ялгал)
атау (нэрлэх)	өөрсед (өздері)	өөрсед (өздері)	өөрсед минь (өздеріміз) өөрсед чинь (өздерің) өөрсед нь (өздері)
ілік (харъяалах)	өөрсед- ийн (өздері- нің)	өөрсдийнхөө (өздерінің гана)	өөрсдийн минь (өздеріміздің) өөрсдийн чинь (өздеріңнің) өөрсдийн нь (өздерінің)
барыс-жатыс (өгөх- орших)	өөрседө (өздеріне)	өөрседөдө (өздеріне гана)	өөрседөд минь (өздерімізге) өөрседөд чинь (өздеріңе) өөрседөд нь (өздеріне)

табыс (заах)	өөрсдийг (өздөрін)	өөрсдийгөө (өздөрін гана)	өөрсдийг минь (өздерімізді) өөрсдийг чинь (өздеріңді) өөрсдийг нь (өздөрін)
шығыс (гарах)	өөрсдөөс (өздері- нен)	өөрсдөөсөө (өздерінен гана)	өөрсдөөс минь (өздерімізден) өөрсдөөс чинь (өздеріңнен) өөрсдөөс нь (өздерінсн)
нөмөктес (үйлдэх)	өөрс- дөөр (өздері- мен)	өөрсдөөрөө (өздерімен гана)	өөрсдөөр минь (өздерімізбен) өөрсдөөр чинь (өздеріңмен) өөрсдөөр нь (өздерімен)
біргелік (хамтрах)	өөрсөд- тэй (өздері- мен бірге)	өөрсөдтэйгөө (өздерімен бірге гана)	өөрсөдтэй минь (өздерімізбен бірге гана) өөрсөдтэй чинь (өздеріңмен бірге гана) өөрсөдтэй нь (өздерімен бірге гана)

7) Қимыл есімдігі (үйлийн төлөөний үг)

Моңғол тіліндегі қимыл есімдері: «ингэ, тэг, яа, хэрх (бүйт, сүйт, қайт, қалай) сөздері. Бұлардан «ингэ, тэг» (бүйт, сүйт) сөзі сілтеп көрсету мағынасында; «яа, хэрх» (қайт, қалай) сөзі сұрау мағынасында қолданылады.

Моңғол тілінде қимыл есімдері етістік формаларының жұрнақтарымен тұлғаланады.

Мысалдар:

ингэнэ (бүйтеді)	яана (қайтеді)
ингэжээ (бүйгіпті)	яажээ (қайтіпті)
ингэв (бүйтті)	яав (қайтті)
ингэе (бүйтейін)	яая (қайтейін)
ингээрэй (бүйтіңіз)	яаж (қайтіп)
ингэж (бүйтіп)	яасан (қайткен)
ингэсэн (бүйткен)	яах (қайту)
ингэх (бүйту)	яадаг (қайтетін)
ингэдэг (бүйтетін)	

Етістік (үйл үг)

етістіктің болымсыз түрі

Моңғол тілінде етістіктің болымсыздық мағынасы екі түрлі жолмен жасалады: 1) етістіктің алдынан «үл, эс, бүү, битгий» сөзі бөлек келгенде; 2) етістіктің есімше тұлғасына «-гүй» жұрнағы жалғанғанда болымсыздық мағына үстеледі. Аталған «үл, эс, бүү, битгий» сөздері мен «-гүй» жұрнағы, қазақ тіліндегі етістіктің есімше тұлғасынан кейін бөлек тұрып болымсыздық мағына үстейтін «емес, жоқ» сөздеріне; етістік негіздерінен кейін жалғанатын «-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -сыз, -сіз» жұрнағына балама келеді.

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

1) -гүй

Мысалдар (жишээнүүд):

2) үл, эс, бүү, битгий

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

1) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе,
-сыз, -сіз

2) емес, жоқ

- 1) явсангүй (кетпеді, кеткен жоқ)
 яваагүй (кетпеген, кеткен жоқ)
 явахгүй (кетпейді)
 явдаггүй (кетпейтін, кеткен жоқ)
- 2) бүү гар (шықпа)
 битгий суу (отырма)
 үл үзэгдэх (көріпбеу)
 эс унтах (ұйықтамау)

Етістіктің жіктік жалғауы
 (үйл үгийг бие ялгах нөхцөл)

Қазіргі халха-моңғол диалектісіне негізделген моңғол әдебиет тілінде етістіктің жіктік жалғауы болмайды.

Етістіктің алдынан жіктеу есімдігінің жекеше, көпше түрі айтылу арқылы етістіктің үш жағы ажыратылады. Қазақ тілінде жіктік жалғауы жекеше, көпше түрде кездеседі.

моңғол тілінде
 (монғол хэлэнд)

қазақ тілінде
 (қазақ хэлэнд)

I —, —

I -мын, -мін, -пын, -пін,

II —, —

-мыз, -міз, -пыз, -піз,

II -сың, -сің, -сыз, -сіз,

III —, —

-сыңдар, -сіңдер,

-сыздар, -сіздер,

III -ды, -ді, -ты, -ті,

Мысалдар:

I би очно (мен барамын)

бид очно (біз барамыз)

II чи очно (сен барасың)

та очно (сіз барасыз)

та нар очно (1. сендер барасыңдар; 2. сіздер барасыздар).

III тэр очно (ол барады)

тэд очно (олар барады)

Етістер (хэвүүд)

Моңғол, қазақ тілінде төмендегі етістер бар. Олардың жұрнақтары:

моңғол тілінде
 (монғол хэлэнд)

қазақ тілінде
 (қазақ хэлэнд)

1. Өздік етіс (өөрөө үйлдэх хэв):

1. Өздік етіс:

—, —

-н, -ын, -ін,

2. Өзгелік етіс (үйлдүүлэх хэв):

2. Өзгелік етіс:

-уул, -үүл,

-т, -ыт, -іт,

-га, -гэ, -го, -гө,

-дыр, -дір, -тыр, -тір,

-аа, -ээ, -оо, -өө,

-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз,

-лга, -лгэ, -лго, -лгө,

3. Ырықсыз етіс (үйлдэгдэх хэв):

3. Ырықсыз етіс:

-гд,

-л, -ыл, -іл,

-ы, -ын, -ін,

4. Ортақ етіс (үйлдэлцэх хэв):

-лц,

4. Ортақ етіс:

-с, -ыс, -іс,

5. Ортақ етіс (үйлдэлдэх);

-лд,

Моңғол тілінде жоғарыда көрсетілген бес (5) етіс, қазақ тіліндегі төрт (4) етіске сәйкеседі.

Мысалдар:

1. яв (жүр), үз (көр), суу (отыр), гар (шық), сэр, (оян), барь (ұста);

2. явуул (жүргіз), үзүүл (көрсет), суулга (отырғыз), гарга (шығар), сэрээ (оят), бариул (ұстат);

3. явагд (жүріл), үзэгд (көрін), гаргагд (шығарыл), сэрээгд (оятыл);

4. явалц (жүріс), үзэлц (көріс), суулц (отырыс), гаргалц (шығарыс), сэрээлц (оятыс).

5. барилд (ұстас, күрес), зодолд (ұрыс, төбелес).

Етістіктің шақтары

(үйл үгийн цаг)

Моңғол, қазақ тілдерінде өзге тілдердегідей етістіктің үш шағы бар:

1. Өткен шақ (өнгөрсөн цаг).

2. Осы шақ (одоо цаг).

3. Келер шақ (ирээдүй цаг).

Моңғол тілінде етістіктің шақтары үш жақта, жекеше көпше түрде қолданылмайды, яғни үш жағы, сандығы (жекеше көпше түрі) ортақ тұлғада тұрады. Қазақ тіліндегі етістіктің шақтары үш жақта, жекеше көпше түрде қолданылады.

Өткен шақ (өнгөрсөн цаг)

моңғол тілінде			қазақ тілінде (қазақ хэлэнд)
(монгол хэлэнд)	жақ	сандық	қазақ тілінде сәйкесетін жұрнақтары (қазақ хэлэнд тохирох нөхцөл)
	(бие)	(тоо)	
-в	I	жекеше	-дым, -дім, -тым, -тім,
-лаа	жақ	(ганц тоо)	-қанмын, -кенмін, -ғанмын, -генмін,
-лээ	(бие)	көпше	-атынмын, -етінмін,
-лоо		(олон тоо)	-йтынмын, -йтінмін,
-лөө			-дық, -дік, -тық, -тік,
			-қанбыз, -кенбіз, -ғанбыз, -генбіз,
			-атынбыз, -етінбіз,
			-йтынбыз, -йтінбіз,
			-дың, -дің, -тың, -тің,
			-дыңыз, -діңіз, -тыңыз, -тіңіз,
			-қансың, -кенсің, -ғансың, -генсің,
			-қансыз, -кенсіз, -ғансыз, -генсіз,
-в	II	жекеше	-атынсың, -етінсің, -йтынсың, -йтінсің,
-лаа	жақ	(ганц тоо)	-атынсыз, -етінсіз, -йтынсыз, -йтінсіз,
-лээ	(бие)	көпше	-дыңдар, -діңдер, -тыңдар, -тіңдер,
-лоо		(олон тоо)	-дыңыздар, -діңіздер, -тыңыздар,
-лөө			-тіңіздер,

			-қансыңдар, -кенсіңдер, -ғансымдар, -генсіңдер, -қансыздар, -кенсіздер, -ғансыздар, -генсіздер, -атынсыңдар, -етінсіңдер, -йтынсыңдар, -йтінсіңдер, -атынсыздар, -етінсіздер, -йтынсыздар, -йтінсіздер,
-в, -лаа, -дээ -лоо, -лөө,	III жақ (бие)	жекеше көпше (ғанц, олон тоо)	-ды, -ді, -ты, -ті, -қан, -кен, -ған, -ген,
-жээ, -чээ,	I жақ (бие)	жекеше (ғанц тоо) көпше (олон тоо)	-ыппын, -іппін, -ппын, -ппін, -ыппыз, -іппіз, -ппыз, -ппіз,
-жээ, -чээ,	II жақ (бие)	жекеше (ғанц тоо) көпше (олон тоо)	-ыпсың, -іпсің, -псың, -псің, -ыпсыз, -іпсіз, -псыз, -псіз, -ыпсыңдар, -іпсіңдер, -псыңдар, -псіңдер, -ыпсыздар, -іпсіздер, -псыздар, -псіздер,
-жээ, -чээ,	III жақ (бие)	жекеше көпше (ғанц, олон тоо)	-ынтты, -іпті, -пты, -пті,

Мысалы (жишээ нь)

би	үзев—көрдiм үзлээ—көрдiм үзжээ—көріппiн гарчээ—шығыппын	мен
бид	үзев—көрдiк үзлээ—көрдiк үзжээ—көріппіз гарчээ—шығыппыз	біз
чи	үзев—көрдiң үзлээ—көрдiң үзжээ—көріпсiң гарчээ—шығыпсың	сен
та нар	үзев—көрдiңiздер (көрдiңдер) үзлээ—көрдiңiздер (көрдiңдер) үзжээ—көріпсiздер (көріпсiңдер) гарчээ—шығыпсыздар (шығыпсыңдар)	сiздер (сендер)
тэр	үзев—көрдi үзлээ—көрдi үзжээ—көріптi гарчээ—шығыпты	ол
тэд	үзев—көрдi үзлээ—көрдi үзжээ—көріптi гарчээ—шығыпты	олар

Осы шақ (одоо цаг)

моңғол тілінде (монгол хэлэнд)			қазақ тілінде (қазақ хэлэнд)	қазақ тілінде сәйкесетін жұрнақтары (қазақ хэлэнд тохирох нөхцөл)
жақ (бие)	сандық (тоо)			
-ж, -на,	I	жекеше	-ып, -іп, -п	-мын, -мін,
-ж, -нэ,	жақ	(ғанц тоо)	-а, -е, -й,	
-ж, -но,	(бие)	көпше	-ып, -іп, -п,	-мыз, -міз,
-ж, -нө,		(олон тоо)	-а, -е, -й,	
-ж, -на,	II	жекеше	-ып, -іп, -п	-сын, -сің, -сыз, -сіз,
-ж, -но,	жақ	(ғанц тоо)	-а, -е, -й,	
-ж, -нэ,	(бие)	көпше	-ып, -іп, -п,	-сындар, -сіндер,
-ж, -нө,		(олон тоо)	-а, -е, -й,	-сыздар, -сіздер,
-ж, -на,	III	жекеше	-ып, -іп, -п,	отыр, тұр, жатыр,
-ж, -нэ,	жақ	(ғанц тоо)	-а, -е, -й,	жүр т. б.
-ж, -но,	(бие)	көпше	-ып, -іп, -п,	отыр, тұр, жатыр,
-ж, -нө,		(олон тоо)	-а, -е, -й,	жүр т. б.

Мысалы (жишээ нь)

I Би уншиж байна—Мен оқып отырмын.

Бид уншиж байна—Біз оқып отырмыз.

II Чи уншиж байна—Сен оқып отырсың.

Та нар уншиж байна—Сендер оқып отырсындар.

(Сіздер оқып отырсыздар).

III Тэр уншиж байна—Ол оқып отыр.

Тэд уншиж байна—Олар оқып отыр.

Келер шақ (ирээдүй цаг)

моңғол тілінде (монгол хэлэнд)			қазақ тілінде	(қазақ хэлэнд)
жақ (бие)	сандық (тоо)			қазақ тілінде сәйкесетін жұрнақтары (қазақ хэлэнд тохирох нөхцөл)
-на,	I	жекеше		
-нэ,	жақ	(ғанц тоо)		-а+мың, -е+мін, -и+мын, -й+мін,
-но,	(бие)	көпше		-а+мыз, -е+міз, -и+мыз, -й+міз,
-нө,		(олон тоо)		
-на,	II	жекеше		-а+сың, -е+сің, -и+сың, -й+сің,
-нэ,	жақ	(ғанц тоо)		-а+сыз, -е+сіз, -и+сыз, -й+сіз,
-но,	(бие)	көпше		-а+сындар, -е+сіндер, -и+сындар,
-нө,		(олон тоо)		-а+сыздар, -е+сіздер, -и+сыздар,
				-и+сіндер,
				-и+сіздер,
-на,	III	жекеше		-а+ды, -е+ді, -и+ды, -й+ді,
-нэ,	жақ	(ғанц тоо)		
-но,	(бие)	көпше		-а+ды, -е+ді, -и+ды, й+ді,
-нө,		(олон тоо)		

Мысалы (жишээ нь)

I Би орой очно (ирнэ)—Мен кешке барамын (келемін).

Бид орой очно (ирнэ)—Біз кешке барамыз (келеміз).

II Чи орой очно (ирнэ)—Сен кешке барасың (келесің).
Та нар орой очно (ирнэ)—Сендер кешке барасыңдар
(келесіндер).

Сіздер кешке барасыздар
(келесіздер).

III Тэр орой очно (ирнэ)—Ол кешке барады (келеді)
Тэд орой очно (ирнэ)—Олар кешке барады (келеді).

Бұйрық, қалау рай жұрнақтары

(Захирах, хүсэх төлвийн нөхцөл)

а) бұйрық рай (захирах төлөв)

жақ (бие)	сан (тоо)	моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	Қазақ тілінде (қазақ хэлэнд)
I жақ (бие)	жекеше (ганц тоо)	-аач, -ээч, -ооч, -өөч, -аарай, -ээрэй, -оорой, -өөрэй	-шы, -ші, -саңшы, -сеңші, -ңыз(шы), -ңіз(ші), -ыңыз(шы), -іңіз(ші), -саңыз(шы), -сеңіз(ші),
II жақ (бие)	көпше (олон тоо)	-аач, -ээч, -ооч, -өөч, -аарай, -ээрэй, -оорой, -өөрэй -гтун, -гтүн,	-ндар(шы), -індер(ші), -ындар(шы), -індер(ші), -ңыздар(шы), -ңіздер(ші), -ыңыздар(шы), -іңіздер(ші), -сандар(шы), -сендер(ші), -саңыздар(шы), -сеңіздер(ші),
III жақ (бие)	жекеше, көпше (ганц, олон тоо)	-г, -тугай, -түгэй, -сугай, -сүгэй,	-сын, -сін, -сыншы, -сінші,

Мысалы (жишээ нь):

- II Чи очооч — Сен баршы
Сен барсаңшы
Чи ирээч — Сен келші
Сен келсеңші
Чи очоорой — Сен баршы
Сен барсаңшы
Чи ирээрэй — Сен келші
Сен келсеңші
Та очооч — Сіз барыңызшы (барсаңызшы)
Та ирээч — Сіз келіңізші (келсеңізші)
- II Та нар очооч — Сендер барыңдар(шы)
Сіздер барыңыздар(шы)
Та нар ирээрэй — Сендер келіңдер(ші)
Сіздер келіңіздер(ші)
Та нар очигтун — Сендер барыңдар(шы)
Сіздер барыңыздар(шы)
Та нар ирэгтүн — Сендер келіңдер(ші)
Сіздер келіңіздер(ші)
- III Тэр очиг — Ол барсын
Тэр ирэг — Ол келсін
Тэр очтугай — Ол барсыншы
Тэр иртүгэй — Ол келсінші

Тэд очиг — Олар барсын
 Тэд ирэг — Олар келсін
 Тэд очтугай — Олар барсыншы
 Тэд иртүгэй — Олар келсінші

ә) қалау рай (хүсэх төлөв)

Моңғол тілінде (монгол хэлэнд)		Қазақ тілінде (казах хэлэнд)	
жақ (бие)	сан (тоо)	журнақ (нөхцөл)	сан (тоо) журнақ (нөхцөл)
I жақ (бие)	жекеше, көпше (ғанц, олон тоо)	-аасай, -ээсэй, жекеше -оосой, -өөсэй, (ғанц тоо)	-ғаймын, -геймін, -қаймын, -кеймін, -са(се) игі едім -сам(-сем) екен
			көпше (олон тоо) -ғаймыз, -гейміз, -қаймыз, -кейміз, -сақ(сек) игі едік, -сақ(сек) екен
			жекеше (ғанц тоо) -йын, -йин,
			көпше (олон тоо) -йың, -йік,
II жақ (бие)	жекеше, көпше (ғанц, олон тоо)	-аасай, -ээсэй, жекеше -оосой, -өөсэй, (ғанц тоо)	-ғайсың(-гейсің), -қайсың(-кейсің), -ғайсыз(-гейсіз), -қайсыз(-кейсіз), -саң(-сең) игі едің, -саңыз(-сеңіз) игі едіңіз, -саң(-сең) екен;
			көпше (олон тоо) -ғайсыңдар(-гейсіңдер), -қайсыңдар(-кейсіңдер), -ғайсыздар(-гейсіздер), -қайсыздар(-кейсіздер), -саңдар(-сеңдер) игі едіңдер, -саңыздар(-сеңіздер) игі едіңіздер, -саңдар(-сеңдер) екен
			жекеше -ып(-іп, -п) қойдың (қойма т.б.), қалдың (қалма т.б.),
			көпше (олон тоо) -ып(-іп, -п) қойдыңыз (қоймаңыз), қалдыңыз (қалмаңыз) т.б.
III жақ (бие)	жекеше, көпше (ғанц, олон тоо)	-аасай, -ээсэй, жекеше -оосой, -өөсэй, көпше	-ғай(-гей), -қай(-кей); -са(-се) игі еді -са(-се) екен
			жекеше -ып(-іп, -п) қалмасын, қоймасын т.б.
			көпше

Мысалы (жыниээ нь):

I а) би аваасай — мен алғаймын
 мен алса игі едім
 мен алсам екен

- би очоосой** — мен баргаймын
мен барса игі едім
мен барсам екен
- бид аваасай** — біз алғаймыз
біз алсақ игі едік
біз алсақ екен
- бид очоосой** — біз баргаймыз
біз барсақ игі едік
біз барсақ екен
- б) би авъя** — мен алайын
би очъё — мен барайын
би үзье — мен көрейін
би авсугай — мен алайын
би үзсүгэй — мен көрейін
бид авъя — біз алайық
бид үзье — біз көрейік
бид авсугай — біз алайық
бид үзсүгэй — біз көрейік
- II а) чи аваасай** — сен алғайсың
сен алсаң игі едің
сен алсаң екен
- та аваасай** — сіз алғайсыз
та нар аваасай сендер алғайсындар
сіздер алғайсындар
сендер алсаңдар игі едіңдер
сіздер алсаңыздар игі едіңіздер
сендер алсаңдар екен
сіздер алсаңыздар екен
- б) чи авуузай** сен алып қойдың (қойма)
та авуузай — сіз алып қойдыңыз (қоймаңыз)
та нар авуузай — сендер алып қойдыңдар (қоймаңдар)
сіздер алып қойдыңыздар (қоймаңыздар)
- III а) тэр аваасай** — ол алғай
ол алса игі еді
ол алса екен
- б) тэр авуузай** — ол алып қоймасын

Шартты рай (болзох төлөв)

жақ (бие)	сан (тоо)	монғол тілінде (монғол хэлэнд)	қазақ тілінде (казах хэлэнд)
I жақ (бие)	жекеше (ганц тоо)	-бал. -бэл. -бол. -бөл.	-сам. -сем.
	көпше (олон тоо)	-вал. -вэл. -вол. -вөл.	-сақ. -сек.
II жақ (бие)	жекеше (ганц тоо)	-бал. -бэл. -бол. -бөл.	-саң. -сең.
	көпше (олон тоо)	-вал. -вэл. -вол. -вөл.	-саңыз. -сеңіз.
III жақ (бие)	ганц тоо олон тоо (жекеше)	-бал. -бэл. -бол. -бөл.	-са. -се.
	көпше	-вал. -вэл. -вол. -вөл.	-саңыздар. -сеңіздер.

Моңғол тiлiнде етiстiктiң шартты райы үш түрлi жолмен жасалады:

1. Негiзгi және туынды етiстiк түбiрлерiнiң болымды түрiне «-бал, -бэл, -бол, -бөл, -вал, -вэл, -вол, -вөл» жўрнағы қосылу арқылы шартты рай жасалады. Мысалы:

I жақ (бие)

би очвол—мен барсам
би ирвэл—мен келсем
бид очвол—бiз барсақ
бид ирвэл—бiз келсек

II жақ (бие)

чи очвол —сен барсаң
чи ирвэл —сен келсең
та очвол —сiз барсаңыз
та ирвэл —сiз келсеңiз
та нар очвол —сендер барсаңдар
сiздер барсаңыздар
та нар ирвэл —сендер келсеңдер
сiздер келсеңiздер

III жақ (бие)

тэр(тэд) очвол—ол(олар) барса
тэр(тэд) ирвэл—ол(олар) келсе

2. «-бал, -бэл, -бол, -бөл, -вал, -вэл, -вол, -вөл» жўрнағы жалғанған негiзгi және туынды етiстiк түбiрлерiнiң алдынан «үл, эс» шылау сөзi бөлек тiркесу арқылы шартты райдың болымсыз түрi жасалады. Мысалы:

I жақ (бие)

би эс очвол —мен бармасам
би эс ирвэл —мен келмесем
бид эс очвол —бiз бармасақ
бид эс ирвэл —бiз келмесек

II жақ (бие)

чи эс очвол —сен бармасаң
чи эс ирвэл —сен келмесең
та эс очвол —сiз бармасаңыз
та эс ирвэл —сiз келмесеңiз
та нар эс очвол —сендер бармасаңдар
сiздер бармасаңыздар
та нар эс ирвэл —сендер келмесеңдер
сiздер келмесеңiздер

III жақ (бие)

тэр(тэд) эс очвол—ол(олар) бармаса
тэр(тэд) эс ирвэл—ол(олар) келмесе

3. Есiмшенiң «-х, -аа, -ээ, -оо, -өө» тұлғасынан кейiн «-гүй» жўрнағы жалғанып, онан соң «бол» сөзi тiркесу арқылы шартты райдың болымсыз түрi жасалады. Мысалдар:

I жақ (бие)

би очихгүй(ирэхгүй) бол —мен бармасам(келмесем)
 бид очихгүй(ирэхгүй) бол—біз бармасақ(келмесек)
 би очоогүй(ирээгүй) бол—мен бармаған(келмеген) болсам
 бид очоогүй(ирээгүй) бол—біз бармаған(келмеген) болсақ

II жақ (бие)

чи очихгүй(ирэхгүй) бол —сен бармасаң(келмесен)
 та очихгүй(ирэхгүй) бол —сіз бармасаңыз(келмесеңіз)
 та нар очихгүй(ирэхгүй) бол—сендер бармасаңдар(келмесеңдер)
 сіздер бармасаңыздар(келмесеңіздер)

III жақ (бие)

тэр(тэд) очихгүй бол—ол(олар) бармаса
 тэр(тэд) очоогүй бол—ол(олар) бармаған болса

Есімше (үйлт нэр) журнақтары (нөхцөл)

Моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	Қазақ тілінде (қазақ хэлэнд)
1. -сан, -сэн, -сон, -сөн,	1. -қан, -кен, -ған, -ген,
2. -даг, -дэг, -дог, -дөг,	2. -атын, -етін, -йтын, -йтін,
3. -х,	3. -у, -ар, -ер, -р,
4. -гч,	4. -ушы, -уші,
5. -аа, -ээ, -оо, -өө,	5. -а, (-е, -й) жатыр т.б.

Моңғол тілінде есімшенің төмендегі тұлғалары бар:

1. Есімшенің өткен шағы «-сан, -сэн, -сон, -сөн» журнақтары арқылы жасалады. Бұл тұлғалар, қазақ тілінде есімшенің «-қан, -кен, -ған, -ген» тұлғасына балама келеді:

I жақ (бие)

би авсан(өгсөн) —мен алғанмын(бергенмін)
 бид авсан(өгсөн)—біз алғанбыз(бергенбіз)

II жақ (бие)

чи авсан(өгсөн) —сен алғансың(бергенсің)
 та авсан(өгсөн) —сіз алғансыз(бергенсіз)
 та нар авсан(өгсөн)—сендер алғансыңдар(бергенсіңдер)
 сіздер алғансыздар(бергенсіздер)

III жақ (бие)

тэр(тэд) авсан—ол(олар) алған

2. Есімшенің дүркінді осы шағы «-даг, -дэг, -дог, -дөг» журнақтар арқылы жасалады. Бұл журнақтар, қазақ тілінде есімшенің «-атын, -етін, -йтын, -йтін,» тұлғасына балама келеді:

- 1) би(бид) хийдэг —мен(біз) істейтін
- 2) чи(та) хийдэг —сен(сіз) істейтін
та нар хийдэг—сендер(сіздер) істейтін
- 3) тэр(тэд) хийдэг—ол(олар) істейтін

3. Есімшенің келер шағы «-х» журнағы жалғану арқылы жаса-

лады. Бұл жұрнақ, қазақ тілінде қимыл есімдерінің «-у» тұлғасына балама келеді. Мысалы:

очих—бару
ирэх—келу
үзэх—көру
хийх—істеу

Моңғол тілінде зат есімнің алдынан келген есімшенің «-х» тұлғасы қазақ тіліндегі есімшенің «-атын, -етін, -йтын, -йтін,», «-р, -ар, -ер» тұлғасы мен қимыл есімінің «-асы, -есі, -қы, -кі, -ғы, -гі,» тұлғасына балама келеді. Мысалы:

очих хүн —баратын адам, барар адам
ирэх жыл —келесі жыл, келер жыл
үзэх зүйл —көретін нәрсе, көрер нәрсе
хийх ажил —істейтін жұмыс, істер жұмыс
буцах бодолгүй—қайтқы ойы жоқ

4. Моңғол тілінде «-гч» жұрнағы жалғану арқылы жасалатын есімше, іс-қимыл процесін меңгеруші кәсіптік мәнді есім мағынасында да, әрекет-қимыл процесінің шақтық мағынасында да қолданылады. Қазақ тілінде қимыл есімдерінің «-ушы, «-уші,» тұлғасына балама келеді. Мысалы:

очигч—барушы
ирэгч—келуші
үзэгч—көруші
хийгч—істеуші

5. Моңғол тілінде «-аа, -ээ, -оо, -өө,» жұрнағы жалғану арқылы жасалатын есімшенің осы шағы бар. Есімшенің бұл тұлғасы, қазақ тілінде «-а, -е, -й, -п, -ып, -іп» тұлғалы көсемшеден кейін жіктеліп келген «отыр, бар, жатыр, тұр, жүр» етістіктері тіркесіп жасалатын осы шақ райына балама келеді. Мысалы:

замд яваа —жолда кетіп барады
ном уншаа—кітап оқып отыр
хэлээ —айтып жатыр
өгөө —беріп жатыр

Есімшенің есімдерше түрленуі

(Үйлт нэрийг тийн ялгалаар ялгалаах нь)

Моңғол тілінде, есімшелер төмендегі тұлғамен түрленеді:

1. Моңғол тілінде есімшелерден соң үш жақтық (I-минь, маань; II-чинь, тань; III-нь) тәуелдік жалғауы бөлек тіркесе келіп, оңаша тәуелдік мағына береді. Моңғол тіліндегі бұл аталған тәуелдік жалғауы, қазақ тіліндегі оңаша тәуелдік жалғауының «I. -ым, -ім, -м, II. -ың, -ің, -ң, III. -ы, -і, -сы, -сі,» түріне сәйкеседі:

моңғол тілінде	қазақ тілінде
I уншсан минь	I оқығаным
II уншсан чинь	II оқығаның
III уншсан нь	III оқығаны

2. Моңғол тілінде тек «-гч,» тұлғалы есімшеге ғана көптік жалғауы жалғанып, өзге тұлғадағы есімшелерге көптік жалғауы

жалғанбайды. Қазақ тілінде есімшелердің барлық түрінен соң көптік жалғауы жалғанады. Мысалы:

а) Моңғол тілінде: хий—істе
хийгч—істеуші
хийгчид—істеушілер

б) Қазақ тілінде: істе(хий-)
істеген(хийсэн)—істегендер
істейтін(хийдэг)—істейтіндер
істер(хийх)—істерлері

3. Моңғол тілінде есімшелердің барлық түрі қазақ тіліндегі есімшелердей септеледі. Мысалы:

Септіктер (энгийн тийн ялгал)	Моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	Қазақ тілінде (казах хэлэнд)
1. Нэрлэх (атау)	1. уншсан	1. оқыған
2. Харъяалах (ілік)	2. уншсаны	2. оқығанның
3. Өгөх орших (барыс-жатыс)	3. уншсанд	3. оқығанға оқығанда
4. Заах (табыс)	4. уншсаньг	4. оқығанын
5. Гарах (шығыс)	5. уншсанаас	5. оқығаннан
6. Үйлдэх (көмектес)	6. уншсанаар	6. оқығанмен
7. Хамтрах (біргелік)	7. уншсантай	7. оқығанмен бірге

4. Моңғол тілінде етістіктің жіктік жалғауы болмайды. Сондықтан моңғол тіліндегі есімшелерге жіктік жалғауы жалғанбайды. Жіктік жалғауының мағынасы: 1) есімшенің алдынан келген жіктеу есімдігінің жекеше, көпше үш жағы арқылы; 2) есімшеден кейін «минь, чинь, нь» жалғану арқылы ажыратылады.

Қазақ тілінде етістіктің үш шағы жіктік жалғауымен ажыратылады. Сондықтан қазақ тілінде есімшенің үш жағы жіктік жалғауының жекеше, көпше үш жағымен ажыратылады. Мысалы:

моңғол тілінде	қазақ тілінде
а) I уншсан минь	а) I оқығаным
II уншсан чинь	II оқығаның
III уншсан нь	III оқығаны
б) I би уншсан	б) I мен оқығанмын
бид уншсан	біз оқығанбыз
II чи уншсан	II сен оқығансың
та уншсан	сіз оқығансыз
та нар уншсан	сендер оқығансындар
	сіздер оқығансыздар
III тэр(тэд) уншсан	III ол(олар) оқыған

5. Моңғол, қазақ тілдерінде есімшелерге көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары төмендегі ретпен жалғанады:

а) Қазақ тіліндегі есімшелерге, дәлірек айтқанда, есімшенің бір түріне көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары бір ретте шұбыра жалғанса, онда: 1) көптік жалғауы; 2) тәуелдік жалғауы; 3) жіктік жалғауы; 4) септік жалғауы жалғанады. Мысалы:

Оқыған⁺дар⁺ты⁺мыз⁺дың—оқығандарымыздың (бид уншсаныхаа, бид уншсан зүйлийнхээ).

б) Моңғол тілінде есімшенің бір түріне *көптік, тәуелдік, жіктік, септік* жалғаулары бір ретте шұбыра жалғанса, онда: 1) септік жалғауы; 2) тәуелдік жалғауы жалғанады да, «-гч» тұлғалы есімшеге ғана 1) көптік жалғауы; 2) септік жалғауы; 3) тәуелдік жалғауы жалғанады. *Мысалдар:*

I уншсаны минь—оқығанымның

II уншсаны чинь—оқығанының

III уншсаны нь —оқығанының



«-гч,» (-ушы, -уши) тұлғалы есімшенің септелуі:

Моңғол тілінде

Қазақша баламасы

- | | |
|--------------------------|-----------------------|
| 1. Н. (а.) явагчид | 1. кетушілер |
| 2. Х. (і.) явагчдын | 2. кетушілердің |
| 3. Ө. о. (б.ж.) явагчдад | 3. кетушілерге |
| 4. З. (т.) явагчдыг | 4. кетушілерді |
| 5. Г. (ш.) явагчдаас | 5. кетушілерден |
| 6. Ү. (к.) явагчдаар | 6. кетушілермен |
| 7. Хам. (б.) явагчидтай | 7. кетушілермен бірге |

Көсемше (нөхцөл үйл)

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де негізгі қимыл, амалды білдіретін, кейде сол қимыл, амалды айқындап тұратын етістіктің түрін көсемше дейді. Осы екі тілдегі көсемшелер етістіктен қосымшалар арқылы жасалады.

Қазақ тілінде көсемшенің бес түрі бар:

1. «-п, -ып, -іп,» тұлғалы түрі
2. «-а, -е, -й,» тұлғалы түрі
3. «-ғалы, -гелі, -қалы, -келі» тұлғалы түрі
4. «-ғанша, -генше, -қанша, -кенше,» тұлғалы түрі
5. «-мастан, -местен, -пастан, -пестен,» тұлғалы.

Моңғол тілінде көсемшенің он екі түрі бар. Олардың қазақ тіліндегі атауы мен қосымшасының баламасы төмендегідей:

а) Моңғол тіліндегі көсемше атауларының қазақша баламасы

1. Зэрэгцэх нөхцөл үйл (көсемшенің тетелестік түрі).
2. Урьдчилах нөхцөл үйл (көсемшенің алдыналық түрі).
3. Хам нөхцөл үйл (көсемшенің біргелік түрі).
4. Үргэлжлэх нөхцөл үйл (көсемшенің созылмалы түрі).
5. Болзох нөхцөл үйл (көсемшенің шартты түрі).
6. Дутагдах нөхцөл үйл (көсемшенің алмаспалы түрі).
7. Бэлтгэх нөхцөл үйл (көсемшенің әзірлік түрі).
8. Угтах нөхцөл үйл (көсемшенің шектік түрі).
9. Дагалдах нөхцөл үйл (көсемшенің жалғаспалы түрі).
10. Зорих нөхцөл үйл (көсемшенің мақсатты түрі).
11. Далимдах нөхцөл үйл (көсемшенің кездейсоқтық түрі).
12. Дашрамдах нөхцөл үйл (көсемшенің жөнекейлік түрі).

Моңғол тіліндегі көсемшенің жалғауы
(*Моңғол хэлний нөхцөлт үйлийн нөхцөл*)

№	көсемшенің түрлері (нөхцөлт үйлийн хэлбәр)	моңғолша жалғауы (монгол нөхцөл)	қазақ тіліндегі баламасы (казах хэлэнд дүйх нөхцөл нь)
1.	зэрэгцэх (тетелестік)	-ж, -ч,	-и, -ып, -іп, -а, -е- -й,
2.	урьдчилах (алдыналық)	-аад, -ээд, -оод, -өөд,	-п, -ып, -іп, -ды да, -ді де, -ты да, -ті де,
3.	хам (біргелік)	-н,	-п, -ып, -іп, -а, -с- -й,
4.	үргэлжлэх (созылмалы)	-саар, -сээр, -соор, -сөөр,	-уда, -уде, -а -э, -е -е, -й -й,
5.	болзох (шартты)	-бал, -бэл, -бол, -бөл, -вал, -вэл, -вол, -вөл,	-са, -сс,
6.	дутагдах (алмаспалы)	-вч,	-ганымен, -генімен, -қанымен, -кенімен, -са да, -се де,
7.	бэлтгэх (эзірлік)	-магц, -мэгц, -могц, -мөгц,	-а сала, -е сала, -й сала, -сымен, -сімен, -ысымен, -ісімен,
8.	угтах (шектік)	-тал, -тэл, -тол, -тол,	-ғанша, -генше, -қанша, -кенше,
9.	дағалдах (жалғаспалы)	-хлаар, -хлээр, -хлоор, -хлөөр,	-ғанда, -генде (ғана), -қанда, -кенде, (ғана),
10.	зорих (мақсатты)	-хаа, -хээ, -хоо, -хөө,	-арын, -ерін, -рын, -рін, -атынын, -етінін, -йтiнін, -йтынын,
11.	далимдах (нездейсоқтык)	-нгуут, -нгүүт,	-а сала, -е сала, -й сала, -сымен, -сімен, -ысымен, -ісімен,
12.	дашрамдах (жөнекейлік)	-нгаа, -нгээ, -нгоо, -нгөө,	-а бергенде, -й бергенде, -е бергенде,

Мысалдар (жишээ нь)

1. *Зэрэгцэх* (тетелестік):
очиж—барып; очиж үзэх хэрэгтэй (барын көру керек).
гарч—шығып; кино үрч байна (кино шығып жатыр).
2. *Урьдчилах* (алдыналық):
очоод—барды да, барып; очоод ажил хийв (барды да жұмыс істеді)
гараад—шықты да, шығып; гараад буцаж ирээ (шықты да қайтып келді).
3. *Хам* (біргелік):
очин—барып; очин үзэх барып көру.
4. *Үргэлжлэх* (созылмалы):

очсоор—бара-бара; очсоор байна—баруда.
гарсаар—шыга-шыга; гарсаар байна—шыгуда.
хийсээр—истой-истой; хийсээр байна—истеуде.

5. *Болзох* (шартты)

очвол—барса; ажилд цагтаа очвол—жұмысқа сағатында барса.

гарвал—шықса; гадаа түргэн гарвал—тысқа тез шықса.

6. *Дутагдах* (алмаспалы):

очивч—барса да, барғанымен;

гаравч—шықса да, шыққанымен;

7. *Бэлгэх* (эзірлік):

очмогц—бара сала, барысымен;

гармагц—шыга сала, шығысымен;

8. *Уггах* (шектік):

очтол—барғанша; очтол хүлээ—барғанша күт.

гартал—шыққанша; хотоос гартал—қаладан шыққанша;

9. *Дагалдах* (жалғаспалы):

очихлоор—барғанда ғана, барғанда;

гарахлаар—шыққанда ғана, шыққанда;

10. *Зорих* (мақсатты):

очихоо—барарын, баратынын;

гарахаа—шығарын, шығатынын;

11. *Далимдах* (кездейсоқтық):

очингуут—бара сала, барысымен;

гарангуут—шыга сала, шығысымен;

12. *Дашрамдах* (жөнекейлік):

очингоо—бара бергенде;

гарангаа—шыга бергенде;

Септеулік

(Дагавар үг)

Өзара бағынынкылық қатынастағы сөздерді байланыстыру үшін жұмсалатын шылау сөздерді септеулік дейді.

Моңғол, қазақ тіліндегі септеуліктер, қатысты сөзінен кейін келіп, өзінен бұрынғы қатысты сөзінің белгілі бір септік жалғауында тұруын талап етеді. Өзіндігінен сөйлем мүшесі болмайды. Тск, өзі қатысты сөзімен бірге бір мүше болады.

Моңғол тілінде: *мекендік, шақтық, мақсаттық, себептілік, бірге-лік, теңеулік* мағыналы септеуліктер бар. Бұлардан:

1. Мекендік мағыналы септеуліктер

(Орон заах дагавар үг)

дээр—«қа, -ке, -ға, -ге, -на, -не, -та, -те, -да, -де.»

сандал *дээр* суух—орындыққа отыру;

сургууль *дээр очих*—мектепке бару;

дор—төмен, асты; -да, -де, -та, -те,

түүнээс *дор*—онан төмен

удирдлагын *дор*—басшылығында

дотор—ішінде; түүний *дотор*—соның ішінде

өмнө—алдында; тэдний *өмнө*—олардың алдында

хооронд—арасында; уулын *хооронд*—таудың арасында
дунд—ортасында; тэдний *дунд*—олардың ортасында
хүртэл—дейін, шейін; хот *хүртэл*—қалаға дейін
уруу—қарай; уул *уруу*—тауға қарай.

2. Мезгілдік мағыналы септеуліктер

(цаг заах дагавар үг)

хойш—кейін, сон; өглөөнөөс *хойш*—тәнертеңнен кейін
өмнө—бұрын, алдында; нэг жилийн *өмнө*—бір жыл бұрын
урьд—бұрын, алдында; ирэхээс *урьд*—келуден бұрын
хүртэл—дейін, шейін; өглөө *хүртэл* тәнертеңге шейін
дотор—ішінде; нэг цагийн *дотор*—бір сағаттың ішінде
туриш—бойы; жилийн *туриш*—жыл бойы

3. Мақсаттық мағыналы септеуліктер

(зорилго заах дагавар үг)

төлөө, тул, тулд—үшін; -қандықтан, -кендіктен,
-гандықтан, -гендіктен,
эх орны *төлөө*—отаны үшін
хэлсэн *тул*—айтқаны үшін; айтқандықтан

4. Себептілік мағыналы септеуліктер

(шалтгаан заах дагавар үг)

тул, учир, себепті,
учраас, -дықтан, -діктен,
дээрээс

Мысалдар:

хэлсэн *тул*—айтқандықтан, айтқаны үшін
хэлсэн *учир*—айтқан себепті, айтқандықтан
тийм *учраас*—сол себепті, сондықтан
тийм *дээрээс*—соның үшін, сондықтан да

5. Біргелік мағыналы септеуліктер

(хам санаа заах дагавар үг).

хамт, цуг—бірге, қоса, қатар, қабат;
-ахтай *хамт* ажиллав—агаммен бірге жұмыс істедім
-ажиллахын *хамт* сургуульд суралцав—
жұмыстаумен *қатар* мектепте оқыдым
-тэдэнтэй *цуг* ажиллав—олармен
бірге жұмыс істедім

6. Теңеулік мағыналы септеуліктер

(адилтгасан санаа заах дагавар үг)

мэт, шиг—сияқты, секілді, ұқсас; -дай, -дей, -тай, -тей,
уул *шиг*—тау секілді, таудай
үзсэн *мэт*—көргендей

Жалғаулық
(*холбоос үг*)

Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемдерді байланыстыратын сөздерді жалғаулық дейді. Жалғаулық, өзара тең тұрған сөздерді, сөйлемдерді (яғни бірыңғай мүшелерді, салалас сөйлемдерді) байланыстырады.

Моңғол тіліндегі жалғаулықтар:

№	моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	қазақ тіліндегі баламасы (казах хэлэнд тохирох хувилбар нь)
1.	ба, болон	мен, бен, пен, менен, бенен, пенен, жене
2.	бөгөөд, хийгээд, болоод,	да, де, та, те, және, әрі
3.	буюу, уу	не, немесе, не болмаса, я, яки
4.	эсвэл	ис, немесе, әлде, болмаса
5.	харин	қайта, тегі, бәсе.

Ескерту: Кейде «ба» орнына «хоёр» (екеуі) сөзін қолданады.

Мысалдар:

аав ба ээж—эке мен шеше
аав ээж хоёр—эке шеше екеуі
өндөр бөгөөд бөх—биік те берік
харандаа буюу үзэг—қарындаш немесе қалам
эсвэл чи хий—не сен істе
харин чамд ашигтай—қайта саған пайдалы

Демеулік
(*сул үг*)

Моңғол тіліндегі демеуліктер қазақ тіліндегідей өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді. Тіркескен сөзінің мағынасын күшейтеді, тежейді, сұраулық мағына қосады.

Моңғол тіліндегі демеуліктердің қазақша баламасы:

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

- а) уу, үү, юу, юү, бэ, вэ
б) бүү, битгий
в) үл, эс
- биз
- шуу, шүү, даа, дээ,
доо, дөө,
- л, ч
- за

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

- ма, ме,
ба, бе,
па, пе,
- шығар
- қой, ғой, -ақ, -ау,
-ды, -ді, -мыс, -міс,
- қана, ғана, -ақ,
да, де, та, те.
- кәне, жә

Мысалдар (жишээнүүд):

- Би хамт явах уу?—мен бірге жүремін бе?
Чи битгий оч—сен бар ма
Үл үзэгдэх юм—көрінбейтін нәрсе

2. Чи үзсэн биз—сен көрген шығарсың
Чи хамт байсан биз—сен бірге болған шығарсың
3. Тэр ирсэн шүү—ол келген еді ғой.
4. Тэнд хонь ч, үхэр ч бэлчиж байна—анда қой да,
сиыр да жайылып жатыр.
5. За хоёулаа цуг явах уу?—көне, екеміз бірге жүрейік пе?

IV. МОНҒОЛ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ СИНТАКСИСТІК САЛЫСТЫРМАЛЫ МНЭЗДЕМЕСІ

Сөз тіркесі (холбоо үг)

Моңғол тіліндегі сөз тіркесі қазақ тіліндегідей кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, оның біреуі бағыныңқы; екіншісі басыңқы болады да, әр уақытта сабақтаса байланысады. Орын тәртібі жағынан бағыныңқы сөз *бұрын* орналасады; басыңқы сөз *соң* орналасады. Мысалы:

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

шар цэцэг
ширүүн салхи
өндөр уул
чулуун байшин
модны мөчир

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

сары гүл
қатты жел
биік тау
тас үй
ағаштың бұтағы

Екі тілде аталған сөз тіркесінде бағыныңқы сөздер: *шар* (сары), *ширүүн* (қатты), *өндөр* (биік), *чулуун* (тас), *модны* (ағаштың); басыңқы сөздер: *цэцэг* (гүл), *салхи* (жел), *уул* (тау), *байшин* (үй), *мөчир* (бұтақ).

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де сөз тіркестерін басыңқы сөзінің қай сөз табынан болғанына қарай есімді тіркес, етістікті тіркес деп екі топқа бөледі. Мысалы:

1. Есімді тіркес (нәр үгийн холбоо)

а) зат есімді тіркес

(бодит нэрийн холбоо үг)

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

туйвуу байшин
өндөр улиас
тавин ажилчин
бүх хөдөлмөрчид
биелэгдсэн ажил

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

кірпіш үй
биік терек
елу жұмысшы
барлық еңбекшілер
орындалған жұмыс

б) сын есімді тіркес

(тэмдэг нэрийн холбоо үг)

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

улаан царайт
битүү сахалтай
хонин нүдтэй
байшингаас өндөр

қызыл шырайлы
қаба сақалды
қой көзді
үйден биік

2. Етістікті тіркес

(үйлийн холбоо үг)

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

сургуульд ирэх
завсарлагааг хүлээх
хүүхдүүдтэй ярилцах
түргэн явах
жимийн инээх

қазақ тілінде
(қазақ хэлэнд)

мектепке келу
үзілісті күту
балалармен сөйлесу
тез жүру
жымып күлу

Сөз тіркестерінің құрылысы

(холбоо үгийн бүтэц)

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де сөз тіркесінің құрылысы төмендегідей:

- I. сөз+сөз
- II. сөз тіркесі+сөз
- III. сөз+сөз тіркесі
- IV. сөз тіркесі+сөз тіркесі... т.б.

Мысалдар:

- I 1. Зайтай өрөө—кең бөлме (сын есім+зат есім).
2. Өрөөг цэвэрлэх—бөлмені тазалау (зат есім+етістік).
3. түргэн хөдлөх—шапшаң қимылдау (сын есім+етістік).
- II. Ховд голын⁺урсгал—Ховда өзенінің⁺ағысы.
- III. Жимс⁺тарьсан газар—жеміс⁺еккен жер.
- IV. Миний аавын⁺тарган хээр морь—менің өкемнің⁺семіз кері аты.

Ховд голын⁺ширүүн урсгал—Ховда өзенінің⁺қатты ағысы

Сөздердің байланысу тәсілдері

(Үг холбох аргууд)

Сөз тіркесінде болсын, сөйлемде болсын сөздер бір-бірімен әртүрлі тәсілдер арқылы байланысады.

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де сөз байланысының төрт түрлі тәсілі бар: 1) қосымшалар арқылы; 2) септеулік шылаулар арқылы; 3) сөздердің орын тәртібі арқылы; 4) дауыс екпіні арқылы байланысады.

1. Қосымшалар арқылы байланысу

Моңғол тілінде «бид(біз), нуур(көл), зах(жаға), зогс(тоқта), бай (түр) сөздері, бид нуурын захад зогсож байна (біз көлдің жағасында тұрмыз) деген түрде сөйлем құрамына енгенде «-ын, -д, -ж, -на (-дің, -сын⁺да, -мыз,) қосымшалары арқылы өзара байланысын түр.

2. Септеулік шылаулар арқылы байланысу

Моңғол тілінде қазақ тіліндегідей сөз бен сөз, не сөз бен сөз-тіркесі өзара септеулік шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: бид эх орны төлөө тэмцэнэ (біз отанымыз үшін күресеміз) деген сөйлемде эх орны деген сөз тіркесі тэмцэнэ деген сөзбен «төлөө» септеулік шылауы арқылы байланысып тұр.

3. Сөздердің орын тәртібі арқылы (мағыналық) байланысуы

Моңғол, қазақ тілдерінде сөйлемдегі сөздің орынын ауыстырса, сөйлем мүшелерінің мағынасы өзгереді. Мысалы: «нохой чоно барив (ит, қасқыр ұстады)» деген сөйлемде «нохой (ит)» сөзі қимылдың иесі; «чоно(қасқыр)» сөзі қимылға тиесі нәрсе; «барив(ұстады)» сөзі қимыл. Егер, бұл сөйлемдегі басқы екі сөздің орынын «чоно нохой барив (қасқыр ит ұстады) деп ауыстырса, онда «чоно(қасқыр)» сөзі қимылдың иесі; «нохой(ит)» сөзі қимылға тиесі нәрсе болып, сөйлем мүшелерінің мағынасы өзгереді.

4. Дауыс екпіні (интонация) арқылы байланысу

Моңғол тілінде сөз бен сөздің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы дауыс екпіні арқылы ажыратылады. Қатар тұрған екі сөз бір леппен айтылса, олар сөз тіркесі түріндегі қарым-қатынасты білдіреді; ал, сол екі сөздің арасы сәл кідіріспен айтылса, олар кейде сөйлем болады, кейде сөйлем мүшелерінің мағынасы өзгереді. Мысалы: «цэрэг малгай өмсөв (әскер тымақ киді)» деген сөйлемде «цэрэг малгай» сөзін бір леппен айтса, бұл екі сөз, сөз тіркесі түріндегі қимылға тиесі нәрсе яғни тура толықтауыш мүше болады. Егер, «цэрэг малгай» сөзінің арасын кідіріспен айтса, «цэрэг, малгай өмсөв (әскер, тымақ киді)» деп «цэрэг(әскер)» сөзі қимыл иесі яғни бастауыш мүше болады.

Сөздердің байланысу түрлері (Үгсийг холбох хэлбэр)

Моңғол, қазақ тілдерінде сөйлемдегі және сөз тіркесіндегі сөздер 1) қиысу; 2) меңгеру; 3) матасу; 4) қабысу; 5) жанасу арқылы байланысады.

1) Қиысу (зохицох хэлбэр)

Сөз бен сөздің жіктік жалғаулары арқылы жақ бойынша жекеше, көпше түрде үйлесе байланысуың қиысу дейді. Қиысу, сөйлемнің негізін құрастырушы мүшесі бастауыш пен баяндауыштың арасында болады.

Халха-моңғол диалектісіне негізделген қазіргі моңғол әдебиет тілінде сөйлемнің негізін құрайтын бастауыш пен баяндауыш арасында қазақ тіліндегідей қиысу болмайды. Мысалы:

Моңғол әдебиет тілінде «би, дуучин, оч» сөздері қазақша «мен, әнші, бар» деген сөз. Бұл сөздердің осы екі тілде қатысуын салыстырса, төмендегідей:

Жекеше қыысу (ганц тоогоор зохицох)

жақ (бие)	моңғол әдебиет тілінде (монгол утга зохиолын хэлэнд)	қазақ әдебиет тілінде (казах утга зохиолын хэлэнд)
--------------	--	---

I	би дуучин би очно	I	мен әншімін мен барамын
II	чи дуучин та дуучин чи очно та очно	II	сен әншісің сіз әншісіз сен барасың сіз барасыз
III	тэр дуучин тэр очно	III	ол әнші ол барады

Көпше қыысу (олон тоогоор зохицох)

жақ (бие)	моңғол әдебиет тілінде (монгол утга зохиолын хэлэнд)	қазақ әдебиет тілінде (казах утга зохиолын хэлэнд)
--------------	--	---

I	бид дуучин бид очно	I	біз әншіміз біз барамыз
II	та нар дуучин та нар очно	II	сендер әншісіңдер сіздер әншісіздер сендер барасыңдар сіздер барасыздар
III	тэд дуучин тэд очно	III	олар әнші олар барады

2. Меңгеру (найрах хэлбәр)

Сөз бен сөздің іліктен басқа септік жалғаулары арқылы байланысуын меңгеру дейді. Дәлірек айтқанда, меңгеру дегеніміз: 1) сөз тіркесінде, бағыныңқы мен басыңқы сөздердің арасындағы байланыс; 2) сөйлемде, тұрлаусыз мүше (толықтауыш, пысықтауыш) мен оны керек етіп тұрған мүшенің арасындағы байланыс деген сөз.

Моңғол, қазақ тілдерінде сөз бен сөз байланысудың меңгеру түрі бірдей. Мысалы:

моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	қазақ тілінде (казах хэлэнд)
би захиагаа харандаагаар бичив	мен хатымды қарындашпен жаздым

Бұл сөйлемде тәуелді-табыс септігінде тұрған «захиагаа (хатымды)» сөзі, «захиагаа бичив (хатымды жаздым)» түрінде; көмектес септігінде тұрған «харандаагаар (қарындашпен)» сөзі, «харандаагаар бичив (қарындашпен жаздым)» түрінде меңгеріле байланысып тұр. Бұл, толықтауыш пен баяндауыш мүше арасындағы байланыс.

3. Матасу (хамаарал хэлбәр)

Сөздердің ілік септік пен тәуелдік жалғаулары арқылы жақ жағынан жекеше, көпше түрде үйлесе байланысуын матасу дейді. Дәлірек айтқанда, матасу дегеніміз: 1) сөз тіркесінде, бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің арасындағы байланыс; 2) сөйлемде, анықтауыш пен анықталушы мүшенің арасындағы тәуелділік байланыс деген сөз. Мысалы:

1) Сөз тіркесіндегі матасу

(Холбоо үгийн хамаарал хэлбэр)

жақ (бие)	моңғол әдебиет тілінде жақ (монгол утга зохиолын хэлэнд)	жақ (бие)	қазақ әдебиет тілінде (казах утга зохиолын хэлэнд)
I	миний ном бидний ном	I	менің кітабым біздің кітабымыз
II	чиний ном таны ном та нарын ном	II	сенің кітабың сіздің кітабыңыз сендердің кітаптарың сіздердің кітаптарыңыз
III	түүний ном тэдний ном	III	оның кітабы олардың кітабы

Келтірілген мысалдардан мынандай қорытынды жасауға болады:

Моңғол тілінде матаса байланысқан сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөз ілік септігінде, басыңқы сөз атау септігінде тұрады. Ал, қазақ тілінде бағыныңқы сөз ілік септігінде, басыңқы сөз тәуелдік жалғауында тұрады.

2) Сөйлемдегі матасу

(өгүүлбэр дэх хамаарах хэлбэр)

моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	қазақ тілінде (казах хэлэнд)
— Би таны авчирсан номыг уншив.	— Мен сіздің әкелген кітабыңызды оқыдым.

Жоғарыда аталған моңғол сөйлемде «би номыг уншив» — басыңқы сөйлем; «таны авчирсан» — анықтауыш бағыныңқы сөйлем. Ал қазақ сөйлемде «мен кітабыңызды оқыдым» — басыңқы сөйлем. «сіздің әкелген» — анықтауыш бағыныңқы сөйлем.

Моңғол сөйлемде анықтауыш бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы «авчирсан (әкелген)» сөзі, басыңқы сөйлемдегі толықтауыш мүше «ном(кітап)» сөзін анықтап тұрғандықтан; бағыныңқы сөйлемнің ілік септігіндегі бастауышы «таны(сіздің)» сөзі, басыңқы сөйлемдегі табыс септікті толықтауыш мүше «номыг(кітабыңызды)» сөзімен матаса байланысып тұр.

4. Қабысу (хамжих хэлбэр)

Сөздердің ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы байланысуын қабысу дейді. Дәлірек айтқанда, қабысу дегеніміз: 1) сөз тіркесінде, бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің арасындағы байланыс; 2) сөйлемде не анықтауыштың не пысықтауыштың өздері қатысты мүшелері арасындағы байланыс деген сөз. Қабыса байланысқан сөздер өзі қатысты сөзіне іргелесіп қатар тұрады.

1) Сөзтіркесіндегі қабысу

(Холбоо үгийн хамжих хэлбэр)

моңғол тілінде (монгол хэлэнд)	қазақ тілінде (казах хэлэнд)
— том цонх	— үлкен терезе
— том цонхтой байшин	— үлкен терезелі үй

— дөрвөн хувиң
— дөрвөн хувин ус

— төрт шелек
— төрт шелек су

2) Сөйлемдегі қабысу

(Өгүүлбэр дэх хамжих хэлбэр)

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

1. Сурагч Бат хурдан уншив
2. Хээр морь сайн давхив

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

1. Оқушы Бат тез оқыды.
2. Кері ат жақсы шапты.

Жоғарыда аталған сөйлемдерде «сурагч(оқушы),хээр(кері) сөзі, «Бат(Бат), морь(ат)» сөзін анықтап, қабыса байланысқан; «хурдан (тез), сайн(жақсы)» сөзі «уншив(оқыды), давхив(шапты)» сөзін анықтап, қабыса байланысқан.

5. Жанасу (зэрэгцэх хэлбэр)

Сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, бірде іргелес, бірде алшақ тұрып байланысуын жанасу дейді. Дәлірек айтқанда, жанасу дегеніміз: 1) сөз тіркесінде, бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің іргелес тұратын байланысы; 2) сөйлемде, пысықтауыш пен пысықталушы мүшенің арасындағы алшақ та, іргелес те тұратын байланысы деген сөз.

Моңғол, қазақ тілдерінде сөз бен сөздің жанасуы бірдей. Төмендегі екі тілге ортақ мысалды салыстырыңыз:

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

1. Өнөөдөр зуугаад га газрын өвсийг хадав.
2. Тэр байшинд зочид хэдэн өдөр байрлажээ.

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

1. Бүгін жүздеген гектар жердің шөбін шапты.
2. Сол үйде қонақтар бірнеше күн орналасыпты.

Бірінші сөйлемде «өнөөдөр(бүгін)» сөзі, «хадав(шапты)» сөзімен алшақ тұрып, жалғаусыз жанасып тұр. Екінші сөйлемде «хэдэн өдөр(бірнеше күн)» сөзі, «байрлажээ(орналасыпты)» сөзімен қатар тұрып, іргелесе жанасып тұр.

Моңғол тіліндегі сөйлемдер

Моңғол тілінде сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай, құрылысына қарай бөледі.

1. Айтылу мақсатына қарай қазақ тіліндегідей а) хабарлы (хүүрнэх); б) сұраулы (асуух); в) бұйрықты (захирах); г) лепті (анхааруулах) сөйлемдер деп бөледі.

2. Құрылысына қарай а) жай сөйлем; б) құрмалас сөйлем деп бөледі.

Сөйлемнің түрлері

Моңғол тілінде айтылу мақсатына қарай:

а) **Хабарлы сөйлем (хүүрнэх өгүүлбэр).** Біреу туралы, не бір-нәрсе туралы хабарлауды, баяндауды, суреттеуді білдіретін сөйлемнің түрін хабарлы сөйлем дейді. Хабарлы сөйлемді айтқанда сөйлемнің басқы жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы бәсеңдейді. Мы-

салы: Бид дээд сургуульд сурдаг. Біз жоғарғы мектепте оқимыз).
Өнөөдөр цаг агаар их хүйтэн байна (Бүгін ауа райы өте суық екен).

б) Сұраулы сөйлем (асуух өгүүлбэр). Бірнәрсе туралы, біреу туралы сұрап білуді мақсат ететін сөйлемді сұраулы сөйлем дейді. Сұраулы сөйлемді айтқанда, сөйлемнің бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы онша бәсеңдемейді.

Моңғол тілінде сұраулы сөйлем төмендегі жолмен жасалады:

1. Сұрау есімдігі (хэн, юу, аль, ямар, хэд, хичнээн, хэзээ, хаа т. б. сөздер) арқылы жасалады.
2. Сұраулық шылаулар (уу, үү, юу, юү, бэ, вэ, биз, даа, дээ, доо, дөө) арқылы жасалады.
3. Дауыс екпіні арқылы жасалады.

Мысалдар:

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

- | | |
|--------------------------------|--------------------------|
| 1. Чи хэзээ ирсэн бэ? | 1. Сен қашан келдің? |
| 2. Энэ хэвтэж байгаа юм юу вэ? | 2. Мына жатқан нәрсе не? |
| 3. Тэр чиний юм? | 3. Анау сенің нәрсең? |
| 4. Энэ таны морь? | 4. Бұл сіздің атыңыз? |

в) Бұйрықты сөйлем (захирах өгүүлбэр)

Айтылу мақсаты біреуге бұйыруды, тілек-отініш етуді білдіретін сөйлемді бұйрықты сөйлем дейді. Бұйрықты сөйлем хабарлы сөйлемге жуық екпінмен айтылса, соңынан нүкте қойылады. Егер лепті сөйлем екшінімен айтылса, соңынан леп белгісі қойылады.

Моңғол қазақ тілдерінде бұйрықты сөйлемнің баяндауышы етістіктің бұйрық-қалау рай тұлғасында тұрады.

Мысалдар:

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

- | | |
|----------------------------------|---|
| 1. Чи ажлаа түргэн хий (хийгээч) | 1. Сен жұмысыңды тез істе (істеші). |
| 2. Та ажлаа түргэн хий (хийгээч) | 2. Сіз жұмысыңызды тез істеңіз (істеңізші). |
| 3. Тэр ажлаа түргэн хийг. | 3. Ол жұмысын тез істесін. |
| 4. Энх тайван мандтугай! | 4. Бейбітшілік жасасын! |

г) Лепті сөйлем (анхааруулах өгүүлбэр)

Сөйлеушінің көңіл-күйін (жуану, ренжу, өкіну, аяу) білдіріп, ерекше әуенмен айтылатын сөйлемді лепті сөйлем дейді.

Моңғол тілінде лепті сөйлемді айтқанда дауыс екпіні сөйлемнің басында да, соңында да көтеріңкі қалыпта болады.

Моңғол тілінде лепті сөйлемнің жасалуы төмендегідей:

1. Лепті сөйлем алдында одағай сөздер айтылады.
2. Сөйлемде соңғы сөздің соңғы буынында жалаң дауысты дыбыс созылыңқы дауысты дыбысқа айналу арқылы жасалады.
3. Сөйлемдегі соңғы сөздің соңғы дауыссыз дыбысынан кейін созылыңқы дыбыс пайда болу жолымен жасалады.

Мысалдар:

моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)

1. Хүүе, чи хичээлээ давт!
2. Дорлиг явсаан!
3. Энэ номоо!

қазақ тілінде
(казах хэлэнд)

1. Әй, сен сабағыңды пысықта!
2. Дорлиг кеткеен!
3. Мына кітабыңды!

Келтірілген 2—3-ші сөйлемдегі «явсаан, номоо» сөздері, хабарлы сөйлемде «явсаан, ном» түрінде айтылады.

Жай сөйлем (энгийн өгүүлбэр)

А. Жалаң сөйлем (хураангуй өгүүлбэр)

Моңғол тілінде де, қазақ тіліндегідей бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған сөйлемді жалаң сөйлем дейді. Мысалы: *Зун эхлэв—жаз басталды. Тэнгэр дуугарав—күн күркіреді. Би эмч—мен емшімін.*

Екі тілде де бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүше (гол гишүүн) дейді.

Анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшені тұрлаусыз мүше (дэд гишүүд) дейді.

Бастауыш болатын сөз таптары

Моңғол, қазақ тілдерінде сөз таптарының қайсысы болса да бастауыштың қызметін атқарады. Кей ретте, моңғол тіліндегі бастауыш пен баяндауыш қазақ тіліндегідей қиыспайды.

Моңғол тілінде бастауыш болатын сөз таптары:

Зат есім бастауыш болады. Мысалы: *багш ирэв—мұғалім келді.*

Нар гарав—күн шықты.

Сын есім бастауыш болады. Мысалы: *сайн нь олшров—жақсысы молайды. Хөнгөн нь сайн—жеңілі жақсы. Өмдөр нь таарчээ—биігі сөйкесіпті.*

Сан есім бастауыш болады. Мысалы: *гурав нь үлджээ—үші қалыпты. Гуцаад нь иржээ—отыздайы келіпті.*

Есімдіктер бастауыш болады. Мысалы:

- | | |
|-----------------|--|
| а) -би үзэв | —мен көрдім. |
| бид үзэв | —біз көрдік |
| -чи үзэв | —сен көрдің |
| та үзэв | —сіз көрдіңіз |
| та нар үзэв | —сендер көрдіңдер, сіздер көрдіңіздер. |
| -тэр үзэв | —ол көрді. |
| тэд үзэв | —олар көрді. |
| б) цөм иржээ | —барлығы келіпті. |
| энэ нь болохгүй | —мынасы болмайды. |
| тэр нь таных | —анасы сіздікі. т. б. |

Есімше бастауыш болады. Мысалы:

ирсэн нь ажил хийв—келгені жұмыс істеді.

хийдэг нь ажил—істейтіні жұмыс.

ажил хийж байгаа нь ашигтай—жұмыс істеп жатқаны пайдалы.

Сөз тіркестері бастауыш болады. Мысалы:

Халуун хүйтэн нь таарчээ—ыстық суығы сөйкесіпті. Хонь мал олшров—қой малы көбейді. Орлого зарлага нь нэмэгдэв—кіріс шығысы қосылды.

Баяндауыш (өгүүлхүүн)

Моңғол, қазақ тілдерінде бастауышқа бағынып, онымен жақ жағынан жекеше, көпше түрде үйлесіп байланысатын тұрлаулы мүшені баяндауыш дейді.

Моңғол, қазақ тілдерінде баяндауыш көбінесе етістіктен болады. Есім сөздер де баяндауыш болады. Екі тілде де, бір сөзден болған баяндауышты дара баяндауыш (энгийн өгүүлхүүн) дейді. Сөз тіркесінен, күрделі сөзден, не тұрақты тіркестен болған баяндауышты күрделі баяндауыш (нийлмэл өгүүлхүүн) дейді.

Моңғол тілінде баяндауыштың жасалуы төмендегідей:

1. Етістіктің үш шағымен тұлғаланған дара баяндауыш. Мысалы:

Намрын сэрүү орлоо—күзгі салқын түсті.

Тэд явжээ—олар кетіпті.

Машин ирэв—машина келді.

2. Етістіктің бұйрық, қалау райымен тұлғаланған дара баяндауыш. Мысалы:

Та нар ажлаа хийгээрэй—сендер жұмыстарыңды істедер.

За, би сонсё—жә, мен тыңдайын.

Тэр амраг—ол тынықсын.

3. Көсемшенің «-н, -ч, -ж, -аад(-ээд, -оод, -өөд), -саар(-сээр, -соор, -сөөр)» жұрнағымен тұлғаланған етістік, үш шақтағы «бай-» көмекші етістігімен тіркесіп, күрделі баяндауыш жасайды. Мысалы:

Өндөр яндангаас утаа суунаглаж байна—биік мұржадан түтін будақтап жатыр. Энд кино гарч байна—мұнда кино шығып жатыр. Байгаль нуурын хөвөөнд ирээд байна—Байкал көлінің жағасына келіп тұрмыз. Ажилчид ажлаа хийсээр байна—жұмысшылар жұмысын істеуде.

4. Екіден жоғары есім сөздер, есім сөз бен «ажээ», «билээ» тіркесі күрделі баяндауыш болады. Мысалы: Энэ хөвүүн арван таван настай—бұл бала он бес жаста. Морь чинь сайн морь билээ—атың жақсы ат еді. Залд хүн олон ажээ—залда адам көп екен.

5. Есім сөздер «бол-, бай-,» көмекші етістігімен тіркесіп, күрделі баяндауыш жасайды. Мысалы: Би инженер болно—мен инженер боламын. Өвгөн ажилд идэжтэй байлаа—қарт жұмысқа белсенді еді.

6. Есім сөздер мен есімше тіркесі, есімше мен «юм, биз» сөздерінің тіркесі күрделі баяндауыш болады. Мысалы: Бид цөмөөрөө ирсэн—біз түгелдей келгенбіз. Тэр мөдхөн ирэх юм—ол кешікпей келеді. Та нар сонсоо биз—сендер естіген шығарсыңдар.

Бастауыш пен баяндауыштың байланысы

1. Моңғол тілінде баяндауыш етістіктің бұйрық райынан болғанда ез бастауышымен II және III жақта, жекеше кепшесі ортақ тұлғада қыса байланысады. Мысалы:

II. Чи оч	—сен бар
Чи очооч	—сен баршы
Чи очоорой	—сен бар
Та оч	—сиз барыңыз
Та очооч	—сиз барыңызшы
Та нар оч	—сендер барыңдар, сиздер барыңыздар
Та нар очооч	—сендер барыңдаршы, сиздер барыңыздаршы
III. Тэр очиг	—ол барсын
Тэд очиг	—олар барсын
Тэр очугай	—ол барсын
Тэд очугай	—олар барсын

2. Моңғол тілінде баяндауыш етістіктің қалау райынан болғанда, өз бастауышымен үш (I, II, III) жақта, жекеше, көпшесі ортақ тұлғада қыыса байланысады.

Мысалы:

I. би очоосой—мен барғаймын; мен барсам игі едім; мен барсам екен.

бид очоосой—біз барғаймыз; біз барсақ игі едік; біз барсақ екен.

би очъё—мен барайын.

бид очъё—біз барайық.

II. чи очоосой—сен барғайсың; сен барсаң игі едің; сен барсаң екен.

та очоосой—сиз барғайсыз; сиз барса игі едіңіз; сиз барсаңыз екен.

та нар очоосой—сендер барғайсыңдар; сендер барсаңдар игі еді; сендер барсаңдар екен.

—сиздер барғайсыздар; сиздер барсаңыздар игі еді; сиздер барсаңыздар екен.

чи очуузай—сен барып қойдың! сен барып қойма!

та очуузай—сиз барып қойдыңыз! сиз барып қоймаңыз!

та нар очуузай—сендер барып қойдыңдар! сендер барып қоймаңдар!

—сиздер барып қойдыңыздар! сиздер барып қоймаңыздар!

III. тэр очоосой—ол барғай; ол барса игі еді; ол барса екен.

тэд очоосой—олар барғай; олар барса игі еді; олар барса екен.

тэр очуузай—ол барып қоймасын!

тэд очуузай—олар барып қоймасын!

3. Моңғол тілінде етістік баяндауыш, көптік мағына беретін «-цгаа, -цгээ, -цгоо, -цгөө» жұрнағымен тұлғаланса, бастауышын жіктеу есімдігінің I, II, III жақ көпше түрінде болуын талағ етеді.

Мысалы:

I бид очцогооё—біз барайық.

II та нар очцогоо—сендер барыңдар, сиздер барыңыздар.

III тэд очцогоов—олар барды.

4. Моңғол тілінде жіктеу есімдіктері үш жақта жекеше, көпше түрде тұрып, бастауыш болғанда баяндауышпен қазақ тіліндегідей қыыспайды.

Мысалдар:

**моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)**

- I би очно
бид очно
II чи очно
та очно
та нар очно
III тэр очно
тэд очно

**қазақ тілінде
(казах хэлэнд)**

- I мен барамын
біз барамыз
II сен барасың
сіз барасыз
сендер барасындар
сіздер барасыздар
III ол барады
олар барады

5. Қазақ тілінде тәуелдік жалғаулы өздік есімдігі үш жақта, жекеше көпше түрде тұрып бастауыш болғанда баяндауышы жіктік жалғауының үш жағында жекеше көпше түрде тұрып, бастауышпен қиысады. Моңғол тілінде өздік есімдігі «өерөө (өзі) сөзінің алдынан «би, чи, та, тэр» есімдігі келмейінше қазақ тіліндегідей қиысу болмайды. Мысалы:

**қазақ тілінде
(казах хэлэнд)**

- I езім барамын
өзіміз барамыз
II өзің барасың
өзіңіз барасыз
III өзі барады
өздері барады

**моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)**

- I (би) өерөө очно
(бид) өерсдөө очно
II (чи) өерөө очно
та өерөө очно
III (тэр) өерөө очно
(тэд) өерсдөө очно

6. Моңғол тілінде ортақ тәуелдік жалғаулы жалпылау есімдігі мен сан есім, көптік мағына білдіріп, бастауыш болғанда баяндауышпен қазақ тіліндегідей үш жақта қиыспайды. Мысалы: (бүгдээрээ—бәрі, хоёулаа—екеуі).

**моңғол тілінде
(монгол хэлэнд)**

- I бүгдээрээ очно
хоёулаа очно
II бүгдээрээ очно
хоёулаа очно
III бүгдээрээ очно
хоёулаа очно

**қазақ тілінде
(казах хэлэнд)**

- I бәріміз барамыз
екеуіміз барамыз
II бәрің барасың
бәрілерің барасындар
бәріңіз барасыз
бәрілеріңіз барасыздар
екеуің барасың
екеулерің барасындар
екеуіңіз барасыз
екеулеріңіз барасыздар
III бәрі барады
екеуі барады

Бастауыштың айқындауышы

Моңғол тілінде бастауыш төмендегі тәсілдер арқылы айқындалады:

1. Ауызекі тілде дауыс екпіні арқылы айқындалады. Мысалы: цэрэг, малгай өмсөв—әскер, тымақ киді.
2. «нь, ч, л, бол»-дан бұрын келген сөз бастауыш болады. Мы-

салы: «ард нь иргэний хуультай танилцав—халқы азаматтық заңмен танысты» деген сөйлемде «ард» сөзі бастауыш. Егер, «нь»-ды түсірсе, онда «ард иргэний» (азаматтық) болып, «ард» сөзі бастауыш болмайды. Балдан ч багш—Балдан да мұғалім; Дорж бол сурагч—Дорж оқушы; цэрэг л малгай өмсөв—эскер, тымақ киді.

Б. Жайылма сөйлем (дэлгэрэнгүй өгүүлбэр)

Бастауыш пен баяндауыштың басқа тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемді жайылма сөйлем дейді. Тұрлаусыз мүшелер тұрлаулы мүшелерді анықтап, толықтап, пысықтап тұрады да, олармен өзара синтаксистік байланыста тұрады.

Моңғол тілінде анықтауыш, бастауышты және толықтауышты анықтайды да, сол анықтаған сөзіне тәуелді болады. Мысалы: манай багш сонин үлгэр хэлэв—біздің мұғалім қызық ертеқ айтты. Бұл сөйлемде манай(біздің), сонин(қызық) сөздері анықтауыш.

Моңғол тіліндегі толықтауыш (нәмэлт гишүүн) пен пысықтауыш (байц гишүүн) баяндауышты толықтап, оның қимылын бейнелеп тұрады да, баяндауышқа тәуелді болады. Мысалы: би ахын морийг түргэн барив—мен ағамның атын тез ұстадым.

Анықтауыш (тодотгол)

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де есім сөздерден, етістіктерден болған мүшені сын, сапа, сан, мөлшер және тәуелділік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені анықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі анықтауыштар төмендегі сұрауларға жауап береді:

- ямар (қандай)
- аль (қай)?
- хэд (неше)?
- хичнээн (қанша, неше)?
- хэддүгээр (нешінші)?
- хэний (кімнің)?
- юуны (ненің)?

Анықтауыш болатын сөз таптары

—харанхуй шөно болов—қараңғы түн болды.

—өндөр уулыг давлаа—биік таудан асты.

1. Сын есім:

—хөгшин хүн нам дуугаар сонин үлгэр ярьж суув—қарт адам бәсең дауыспен қызықты ертеқ айтып отырды.

2. Зат есім:

—чулуун байшин барилаа—тас үй салды.

—миний аавын морийг барьж, дүүгийн эмээлийг тохов—менің әкемнің атын ұстап, бауырымның ерін ерттеді.

—морьтой хүн ирлээ—атты кісі келді.

3. Сан есім:

—долоон зуун хүүхэд сурч байна—жеті жүз бала оқып жатыр.

—дөрөвдүгээр цагийн хичээл эхлэв—төртінші сағаттың сабағы басталды.

—олон хүн ажиллав—көп адам жұмыстады.

4. Есімдік:

энэ морь хурдан—мына ат жүйрік
ийм үзег сайн—осындай қалам жақсы
ташы ах ирсэн—сіздің ағаңыз келді

5. Етістіктің есімше түрі:

—явсан хүн ирлээ—кеткен адам келді.
—унах морийг сойв—міметін атты жаратты.

6. Көсемшенің тетелестік (зэрэгцэх), алдыналық (урьдчилах), біргелік (хам) тұлғасы қимыл-әрекетті анықтайды:

—доголж явсан морины хөл зүгээр болжээ—ақсақтап жүрген аттың аяғы тәуір болыпты.
—олон хүн хуралдан ярилцаж байна—көп адам жиналып әңгімелесіп жатыр.

Ескерту: Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де анықтауыштың күрделі сын есім, күрделі сан есім, күрделі етістік, сөз тіркесінен жасалған түрі де жиі қолданылады.

Толықтауыш (нэмэлт гишүүн)

Моңғол қазақ тіліндегі сөйлемде атау, іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып басқа мүшені заттық мағына жағынан сипаттап толықтыратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш (нэмэлт гишүүн) дейді.

Моңғол тіліндегі толықтауыштар төмендегі сұрауларға жауап береді:

хэнийг (кімді)?
юуг (нені)?
хэнд (кімге)?
юунд (неге)?
хэнээс (кімнен)?
юунаас (неден)?
хэнээр (кіммен)?
юугаар (немен)?
хэнтэй (кіммен бірге)?
юутай (немен бірге)?
хаанаас (қайдан)?
хэдийг (нешені)?
хичнээнийг (қаншаны)?

Толықтауыш болатын сөз таптары

1. Зат есім:

—багш сурагчдыг аялалд дагуулж явлаа—мұғалім оқушыларды саяхатқа ертіп кетті.
—өнөөдөр бид ажилд явна—бүгін біз жұмысқа кетеміз.
—би гэрээсээ мориор ирэв—мен үйімнен атпен келдім.
—хөрөөгөөр түлээ хөрөөдөв—арамен отын аралады.

2. Сын есім:

—будгийн шарыг авлаа—сырдың сарысын алды
—морины хурдныг шилж авав—аттың жүйрігін таңдап алды
—хонины тарганыг шилэв—қойдың семізім таңдады

3. Сан есім:

—арваас тавыг хасахад тав үлдэнэ—оғиан бесті азайтқанда бес қалады

—наян хоёрыг хоёрт хуваахад дөчин нэг ноогдоно—сексен екіні екіге бөлгенде қырық бірден тиеді.

4. Есімдік:

—бид чамайг хүлээнэ—біз сені күтеміз.

—ах над олон ном өгсөн—ағам маған көп кітап берген.

—би чамаас хоёр харандаа авсан—мен сенен екі қарындаш алғанмын.

5. Есімше:

—чамайг шөнө ирснийг мэдсэнгүй—сен түнде келгеніңді білмедім.

—би ажил хийхээс залхуурахгүй—мен жұмыс істеуден ерінбеймін.

6. Көсемшенің кей түрі:

—чи ирэхээс өмнө әхлэсэн—сен келуден бұрын бастады.

—бид ирвэл ажил әхлэнэ—біз келсек жұмыс басталады.

Тура толықтауыш пен жанама толықтауыш

Моңғол тілінде табыс септік тұлғасындағы толықтауышты тура толықтауыш (шууд нәмәлт гишүүн) дейді.

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де тура толықтауыш өзі толықтайтын мүшесімен іргелес те, алшақ та тұра береді. Іргелес тұрғанда, кейде табыс септік жалғауы түсіп қалады да, алшақ тұрса табыс септік жалғауымен тұлғаланады. Мысалы:

—Сурагчид цэцэг тарив—оқушылар гүл екті.

—Сурагчид цэцгийг өнөөдөр ангидаа тарив—оқушылар гүлді бүгін ұласына екті.

Моңғол тілінде қазақ тіліндегідей барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірімен тұлғаланған толықтауышты жанама толықтауыш (шууд бус нәмәлт гишүүн) дейді.

Байц (пысықтауыш)

Моңғол тіліндегі сөйлемде, қазақ тіліндегідей іс-әрекеттің жай-күйін, сын-сипатын, мөлшерін, мезгіл мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүшені пысықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі пысықтауыштар төмендегі сұрауларға жауап береді:

аяж (қайтп, қалай)?

хир зэрэг (қаншалық)?

хаана (қайда)?

ямар учраас (неліктен, қалайша, не себептен)?

юунаас болж (неден болып, неліктен)?

ях гэж (не үшін, не мақсатпен, неге)?

юуны тулд (не үшін, не мақсатпен)?

хаанаас (қайдан)?

хаагуур (қай жақпен)?

Пысықтауыштың түрлері (байцын зүйл)

Моңғол тілінде пысықтауыш мағынасына қарай төмендегі түрге бөлінеді:

1. мекен пысықтауыш (орны байц)

2. мезгіл пысықтауыш (цагийн байц)

3. себеп пысықтауыш (шалтгааны байц)

4. мақсат пысықтауыш (зорилгын байц)
5. қимыл-сын пысықтауыш (дүрийн байц)
6. шарт пысықтауыш (болзлын байц)

1) Мекен пысықтауыш (орны байц)

Сөйлемде істің, қимылдың, оқиғаның мекенін, бет алысын, бағытын білдіретін пысықтауышты мекен пысықтауыш дейді.

Мекен пысықтауыштың сұраулары: хаана (қайда)? хаашаа (қалай, қарай)? хаанаас (қайдан)? хаагуур (қай жермен)? хаа хүртэл (қай жерге дейін)?

Мысалдар (жишээнүүд):

—тэд нийслэлд хөлоос ирлээ—олар астанаға алыстан келді.

—бид зочид буудлын дэргэд хүрч ирэв—біз мейманхана қасына жетіп келдік.

—цэргийн парад Улаан талбай уруу чиглэв—эскери парад Қызыл алаңға қарай беттеді.

—тэд хуучин сүмийн дэргэдүүр дайран өнгөрөв—олар көне мешіт қасымен өте шықты.

—ийш тийш хараад, тэр зүг чиглэв—олай бұлай қарап, ана жаққа беттеді

2) Мезгіл пысықтауыш (цагийн байц)

Сөйлемде істің, қимылдың, оқиғаның мезгілін білдіретін пысықтауышты мезгіл пысықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі мезгіл пысықтауыштың сұраулары: хэзээ (қашан)? хэдийд (қай кезде)? хэдийгээс (қашаннан)? хэзээнээс (қашаннан)? хэдий хүртэл (қай кезге дейін)? қай кезден?

Мысалдар (жишээнүүд):

—Бид өчигдөр ирэв—біз кеше келдік.

—Долоон цагаас эхэлсэн хурал одоо хүртэл дуусаагүй—жеті сағаттан бастаған жиналыс қазірге шейін біткен жоқ.

—Түүнээс хойш тэр хүн нэг л дургүй явдаг боллоо—содан кейін ол адам біртүрлі көңілсіз жүретін болды.

3) Себеп пысықтауыш (шалтгааны байц)

Сөйлемде істің, қимылдың, оқиғаның себепін білдіретін пысықтауышты себеп пысықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі себеп пысықтауыштың сұраулары: ямар учраас (не себептен)? юунд (неге)? юунаас (неліктен)? яагаад (қалайша)? яаснаас (қайткеннен)?

Мысалдар (жишээнүүд):

Ах минь буруу ойлгосон учраас тэгж хэлжээ—ағам теріс түсінгендіктен сөйтіп айтыпты.

—Би сандраад тэгж хэлчихжээ—мен сасқалақтап солай айтып қалыпшын.

—Тэр хүн залуудаа сураагүйдээ гэмшинэ—ол адам жас кезінде оқымағанына өкінеді.

4) Мақсат пысықтауыш (зорилгын байц)

Сөйлемде істің, қимылдың, оқиғаның мақсатын білдіретін пысықтауышты мақсат пысықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі мақсат пысықтауыштың сұраулары: яах гэж (не үшін)? яахаар (не мақсатпен)? юуны тул (не үшін)? хэний төлөө (кім үшін)?

Мысалдар (жишээнүүд):

—Дорж амрахаар гэртээ харьсан—Дорж демалуға үйіне қайтқан.

—Бид өндөр амжилтын төлөө ажилласан—біз зор табыс үшін жұмыстадық.

—Хүүхдүүд гэрээсээ тоглох гэж гарсан—балалар үйінен ойнамақ болып шықты.

5) Қимыл-сын пысықтауыш (дүрийн байц)

Сөйлемде істің, қимылдың қалай, қайтіп жүзеге асатынын және оның сын мөлшерін анықтай сипаттайтын пысықтауыштың түрін қимыл-сын пысықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі қимыл-сын пысықтауыштың сұраулары: яаж (қайтіп, қалай)? ямар байдалтай (қандай күйде)? хир зэрэг (қаншалықты) хэдэн удаа (неше рет, қанша рет)?

Мысалдар (жишээнүүд):

—Булгийн ус хоржигнон урсана—бұлақ суы сылдырап ағады.

—Та нар сааргүй түргэн ирээрэй—сіздер іркілмей тез келіңіздер.

—Дүү гэнхээгээрээ ханширав—інім бар дәрменімен айғайлады.

—Их буугаар гурван удаа буудав—зеңбірекпен үш рет атты.

6) Шарт пысықтауыш (болзлын байц)

Сөйлемде істің, қимылдың қайтсе, нетсе, не етсе жүзеге асып, орындалатынын білдіретін пысықтауыштың түрін шарт пысықтауыш дейді.

Моңғол тіліндегі шарт пысықтауыштың сұраулары: яавал (қайтсе, нетсе)? ямар бол (қандай болса)? юу бол (не болса)? хэн бол (кім болса)?

Мысалдар (жишээнүүд):

—Би зав гарвал, орой очъё—мен уақыт шықса, кешке барайын.

—Ажлыг эхэлбэл дуусгах хэрэгтэй—жұмысты бастаса аяқтау керек.

—Чи үүшийг хэрэгтэй бол аваарай—сен мұны қажет болса ала ғой.

—Өгөх нь ном бол авчих—беретіні кітап болса ала сал.

—Найз чинь ирвэл угтаж аваарай—досың келсе алдынан күтіп ал.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

(өгүүлбэрийн зэрэгцсэн гишүүд)

Сөйлемде қызметі мен сұраулары ортақ болып, бір ғана мүшемен байланысатын екі немесе одан көп мүшелерді сөйлемнің бірыңғай мүшелері дейді.

Бірыңғай мүшелер моңғол, қазақ тілінде өзара салаласа байланысып, біркелкі дауыс ырғағымен бөлініп айтылады, бірыңғай тұлғада, бірыңғай сөз тобымен айтылады.

Моңғол тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері:

1) Бірыңғай бастауыш

(зэрэгцсэн өгүүлэгдхүүн)

Сөйлемдегі қимылдың иесі яғни бастауышы екі немесе одан да көп болса, оны бірыңғай бастауыш дейді.

Моңғол тіліндегі бірыңғай бастауыш:

—зуны цагт тараг, айраг, ааруул, өрөм элбэгжинэ—жаз кезін^т де айран, қымыз, құрт, қаймақ молаяды.

—Сүхбаатарын талбайд ажилчид, албан хаагчид, оюутан, сурагчид, цэрэг, офицерүүд цугларчээ—Сүхбаатар алаңына жұмысшылар, қызметкерлер, студенттер, оқушылар әскерлер, офицерлер жиналышты.

2) Бірыңғай баяндауыш

(зэрэгцсэн өгүүлхүүн)

Сөйлемдегі қимыл иесінің яғни бастауыштың қимылын, іс-әрекетін екі немесе одан да көп баяндауыш сөзбен білдірсе, оны бірыңғай баяндауыш дейді.

Моңғол тіліндегі бірыңғай баяндауыштар көсемшемен тұлғаланады да, ең соңғысы етістіктің шағымен тұлғаланады.

Мысалы:

—Дорж гэртээ ирээд унтаж босов—Дорж үйіне келіп, ұйықтап тұрды.

—төгш тоо бол хоёр, дөрөв, зургаа, найм, арав—жүп сандар—екі, төрт, алты, сегіз, он.

3) Бірыңғай анықтауыш

(зэрэгцсэн тодотгол)

Сөйлемде анықталатын сөздің алдындағы анықтайтын сөзі екі немесе одан да көп болса, оны бірыңғай анықтауыш дейді.

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де бірыңғай анықтауыштың тұлғалану заңдылығы бірдей.

Мысалдар (жишээнүүд):

—мөд, чулуу, тоосгон байшингуудыг эгнүүлөн барьжээ—агаш, тас, кірпіш үйлерді қатарластыра салышты.

—уулын хормойд улаан, цагаан, шар, ягаан цэцэг ургажээ—тау бөктерінде қызыл, ақ, сары, күлгін гүлдер өсіпті.

—хурга, тугал, ишигний хашаа том байна—қозы, бұзау, лақтың қашасы үлкен екен.

Ескерту: Ілік септігімен тұлғалануға тиісті әрбір бірыңғай анықтауыштың ең соңғысы ғана ілік септігімен тұлғаланады. Айталық, жоғарыда келтірілген «хурга, тугал, ишигний» сөздері, шын мәнінде, «хурганы, тугалын, ишигний» түрінде тұлғалануға тиіс бірыңғай тұлғалы анықтауыштар. Қазақ тілінде де «қозының,

бұзаудың, лақтың» деген бірыңғай анықтауышты «қозы, бұзау, лақтың» деген түрде тұлғаландырады.

Моңғол қазақ тілінде бірыңғай анықтауыш, кей ретте, әр сөз табынан, әр тұлғада тұрады. Мысалы:

—ахын модон эмээлтэй, тарган, хурэн морь—ағамның ағаш ерлі семіз күрең аты.

4) Бірыңғай толықтауыш

(зэрэгцсэн тусагдхуун)

Сөйлемде қимылды, іс-әрекетті яғни баяндауышты екі немесе одан да көп бірыңғай тұлғадағы дара және күрделі сөздермен толықтырса, оны бірыңғай толықтауыш дейді.

Моңғол тілінде бірыңғай толықтауыштардың ең соңғысы атау мен іліктен басқа септік жалғауымен тұлғаланады. Ал қазақ тілінде бірыңғай толықтауыштың әрқайсысы атау мен іліктен басқа септік жалғауымен бірыңғай тұлғаланады.

Мысалдар (жишээнүүд):

—үлгэр, онього, цэцэн үгийг бүдрэлгүй ярьдаг хүн—ертекті, жұмбақты, мәтелді іркілмей айтатын адам.

Бұл келтірген мысалда бірыңғай толықтауыш «үлгэр, онього, цэцэн үг» сөздерінің ең соңғысы табыс септігімен (ийг) тұлғаланған. Ал қазақ тілінде бірыңғай толықтауыштың әрқайсысы табыс септігі (-ты) мен тұлғаланған.

5) Бірыңғай пысықтауыш

(зэрэгцсэн байц)

Сөйлемде қимылдың, іс-әрекеттің яғни баяндауыштың мекенін, мезгілін, қимыл-сынын, себеп-салдарын мақсатын екі немесе одан да көп бірыңғай тұлғадағы дара және күрделі сөздермен білдірсе, оны бірыңғай пысықтауыш дейді.

Мысалдар (жишээнүүд):

—Ховд, Увс, Баян-Өлгийгээс олон оюутан сурч байна—Ховд, Увс, Баян-Өлгийден көп студент оқып жатыр.

—Малчид өвөл, хаврын цагт их хөдөлмөрлөдөг—малшылар қысқы, көктемгі кезде көп еңбектенеді.

—Би яарч сандарч байгаад мартжээ—мен асып сасып жүріп ұмытып кетіппін.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (өгүүлбэрийн гишүүдийн дэс дараа)

Моңғол, қазақ тіліндегі сөйлемде сөйлем мүшелерінің орын тәртібі тұрақты. Олар төмендегідей:

1. Бастауыш баяндауыштан бұрын орналасып, онымен іргелесте, одан алшақ та тұра береді. Мысалы:

—Дорж ирлээ—Дорж келді.

—Дорж хотоос өчигдөр ирлээ—Дорж қаладан кеше келді.

2. Баяндауыш сөйлемдегі ойды аяқтап, бастауыштан соң орналасады. Мысалы:

—Ербол өчигдөр цэцэг тарив—Ербол кеше гүл екті.

3. Толықтауыш өзі толықтайтын мүшесінен бұрын орналасып,

онымен іргелес те, одан алшақ та тұра береді. Мысалы:

—Дорж жимс түүлээ—Дорж жеміс терді.

—Дорж жимсийг өчигдөр түүлээ—Дорж жемісті кеше терді.

4. Анықтауыш өзі анықтайтын мүшесінен бұрын орналасып, онымен іргелес те, одан алшақ та тұра береді. Мысалы:

—Миний ах дәлгүүрээс сонин ном авлаа—менің ағам дүкеннен кызықты кітап алды.

5. Пысықтауыш өзі пысықтайтын мүшесінен бұрын орналасады. Пысықтайтын мүшесінен кейде алшақ, кейде іргелес орналасады. Мысалы:

—Би яарч сандарч явлаа—мен асып-сасып кетіп қалдым.

—Би яарч сандарч байгаад пәлээд юмаа мартчихжээ—мен асып-сасып жүріп недәуір нәрсемді ұмытып кетіппін.

Құрмалас сөйлем

(нийлмэл өгүүлбэр)

Моңғол, қазақ тілдерінде жай сөйлемдердің бірімен бірі тіркесе жалғасып, күрделі бір ойды білдіретін түрін құрмалас сөйлем (нийлмэл өгүүлбэр) дейді.

Салалас құрмалас сөйлем

(энгийн нийлмэл өгүүлбэр)

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін салалас құрмалас сөйлем дейді.

Моңғол тілінде салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары

Моңғол тіліндегі салалас құрмалас сөйлемдерде екі немесе әлденеше жай сөйлемдер бірі екіншісіне теңдік дербестігін сақтай бағынышты байланыс жасайды. Дәлірек айтқанда, әр сөйлемнің бастауыштары атау тұлғада тұрады да, алдыңғы сөйлемнің баяндауыштары көсемшенің алдыналық (урьдчилах), тетелестік (зэрэгцэх), біргелік (хам) түрімен тұлғаланып, соңғы тиянақты сөйлемнің баяндауышы етістіктің шақ, бұйрық-қалау рай тұлғасында тұрып салаласа құрмаласады. Мысалдар:

1. Көсемшенің алдыналық (урьдчилах) -аад, -ээд, -оод, -өөд, түрімен байланысқан салалас құрмалас сөйлемдер:

—халуун нь дарагдаад, хамаг бие нь эрүүл болсон

—ыстығы басылды да, тұла бойы сауығып кетті

2. Көсемшенің тетелес (зэрэгцэх) -ж, -ч, түрімен байланысқан салалас құрмалас сөйлемдер:

—багш үлгэр хэлж, сурагчид үлгэрийг бичиж байна

—мұғалім ертеқ айтып, оқушылар ертекті жазып жатыр.

3. Көсемшенің біргелік (хам)-н, түрімен байланысқан салалас құрмалас сөйлемдер:

—хаалга онгойн, цаанаас хүн орж ирлээ—есік ашылып, арғы жағынан адам кіріп келді.

4. Моңғол тілінде, қазақ тіліндегідей алдыңғы сөйлемдердің баяндауыштары соңғы тиянақты сөйлемге көсемшенің жұрнақтарыныңсыз-ақ, жалғаулықсыз-ақ, тек дауыс екпінімен тіркесу арқылы да, салалас құрмалас сөйлем жасалады.

Дауыс екпіні арқылы тіркесіп салаласқан құрмалас сөйлем-

дерде әр сөйлем баяндауыштарының тұлғасы бірқалыпты тиянақты тұлғада бір шақта, бір жақта тұрады. Мысалы:

—Балдангийнх эсгий хийж байна, Цэндийнх хонио нужирлаж байна—Балдандікі кигіз басып жатыр, Цэндікі қойны ащыла-тып жатыр.

—Дамба морь эрэхээр явсан, Гомбо хангай ороод ирсэн—Дамба ат іздеуге кеткен, Гомбо хангайга барып келген.

—Баян Болдын нас нь дөчөөд, толгой нь халзан, гөдөс нь бүдүүн, сахал нь битүү, нүд нь улбар...

бай Болдының жасы қырықта, басы қасқа, қарыны жуан, сақалы қаба, көзі қызыл...

—нэг нь дүгрөг, нөгөө нь гонзгой—бірі дөңгелек, екіншісі сопақ.

—Ах нь сургадаг, дүү нь сурдаг—ағасы үйретеді, бауыры үйренеді.

5. Моңғол тілінде қазақ тіліндегідей жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер бар. Олардың жасалу ережелері қазақ тіліндегі сияқты. Айталық, моңғол тіліндегі жай сөйлемдер өзара салаласа байланысқанда «ба, бөгөөд, хийгээд, эсвэл, аль, аль эсвэл, нэг бол, үгүй бол, харин, гәвч, бас, гадна, дээр» деген жалғаулықтар арқылы байланысып, салалас құрмалас сөйлем болады.

Моңғол тіліндегі осы аталған жалғаулықтар, қазақ тіліндегі «да, де, және, әрі, не, не болмаса, немесе, яки, яки болмаса, кейде, бірде, біресе т. б.» жалғаулықтарымен балама келеді.

Моңғол тілінде жай сөйлемдерді салаластыратын жоғарыда аталған жалғаулықтар қайталанып та, қайталанбай да айтыла беріледі.

Моңғол тіліндегі салалас құрмалас сөйлемдер салаластыратын жалғаулықтарының мағынасына қарай төмендегі мағынада қолданылады:

1) «ба, бөгөөд, хийгээд» жалғаулықтары арқылы салаласа құрмаласқан жай сөйлемдер бірине-бірі тетелес, іргелес болған оқиғаны, істі білдіреді. Мысалы:

—Ус нь тунгалаг бөгөөд хүйтэн, хурдан урсгалтай—

суы тұнық және суық, шапшаң ағысты

—Энэ хурлаар БНМАУ тунхаглагдсан хийгээд анхдугаар үндсэн хууль батлагдсан—бұл жиналыста МХР-ды жариялады және алғашқы негізгі заң бекітілді.

—эмээл нь мөнгөн хэрэглэлтэй ба бүүрэг навтгар эмээл байсан—ері күміс әбзелді және қасы жатаған ер болатын.

2) «аль, эсвэл, нэг бол, аль эсвэл, үгүй бол» жалғаулық сөздерімен салаласа құрмаласқан жай сөйлемдер бірине-бірі тіркесіп айтылғанда сол сөйлемдерде айтылып тұрған істің біреуі болғанда, екіншісі болмайтыны білдіріледі. Мысалы:

—маргааш эсвэл бороо орно, эсвэл әлсэн шуурга болно—ертең не жаңбыр жауады, не құм дауыл соғады.

—нэг бол би явъя, үгүй бол чи яв—не мен кетейін, болмаса сен кет.

—энэ ажлыг чи хийх үү? аль эсвэл би хийх үү? мына жұмысты сен істейсің бе? әлде мен істейін бе?

3) «харин, гәвч, гәлээ ч» жалғаулық сөздерімен салаласа құрмаласқан жай сөйлемдер бірине-бірі тіркесіп айтылғанда сол сөйлемдерде айтылып тұрған істің біреуі екіншісіне қарсы қойылған хабарды білдіреді. Мысалы:

—та нар уулын энгэрээр явахад гайгүй, харин уулын араар явахад бартаатай—сендер таудың күңгейімен жүрсендер кідірісі аз, ал таудың теріскейімен жүрсендер кедергісі көп.

4) «гадна, дээр, гадна бас» жалғаулық сөздерімен салаласа құрмаласқан жай сөйлемдердің алдыңғы сөйлемінің баяндауыштары шығыс септігі мен ілік септігіндегі есімшеден болады да, бірнеше оқиға бір кезде қабаттаса болғандығын білдіреді. Мысалы:

—Дорж өдөр бүр хонь хариулахаас гадна аргал түүдөг байлаа-- Дорж күн сайын қой жаюдың сыртында тезек теретін еді.
—тэрэг эвдэрсний дээр бензин дуусчихсан—машина бұзылудың үстіне, бензині таусылып қапты.

5) «заримдаа, хааяа» жалғаулық сөздерімен салаласа құрмаласқан жай сөйлемдер бар. Бұл жалғаулықтар екі я бірнеше сөйлемдегі істің, құбылыстың кезектесіп келетіндігін білдіреді. Мысалы:

—энэ ажлыг би хийдэг, заримдаа Дорж хийдэг—бұл жұмысты мен істеймін, кейде Дорж істейді.

—клубт кино гардаг, хааяа үдэшлэг явагддаг—клубта кино шығады, кейде кештік өткізіледі.

6) «учир, тийм учраас, учир нь» жалғаулық сөздерімен салаласа құрмаласқан жай сөйлемдерде не соңғы сөйлем алдыңғының, не алдыңғы сөйлем соңғының себебін білдіреді. Мысалы:

—ах хөдөө явсан учир би гэртээ байсан—ағам қырға кеткен себепті мен үйде болдым.

—тэр намайг мэдсэнгүй, учир нь би ажилд явсан юм—ол мені білген жоқ, үйткені мен жұмысқа кеткен едім.

—би чөлөө авсан, тийм учраас би лекцид очоогүй юм—мен рұқсат алған едім, сондықтан мен лекцияға барған жоқпын.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер

(хаасарсан нийлмэл өгүүлбэр)

Моңғол тілінде салалас құрмалас сөйлемдегі әрбір жай сөйлем, қазақ тіліндегідей, тиянақты болады. Ал сабақтас құрмалас сөйлемдегі алдыңғы жай сөйлемдер тиянақсыз болады да, өзінен соңғы сөйлемге тиянақтап тұрады. Сабақтас құрмалас сөйлемнің осы тиянақты жағын басыңқы сөйлем дейді, тиянақсыз жағын бағыныңқы сөйлем дейді.

Моңғол тілінде де, қазақ тілінде де бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлеммен өзінің мағынасы және белгілі тұлғадағы тиянақсыз баяндауышы арқылы жалғасады. Дәлірек айтқанда, моңғол тіліндегі бағыныңқы сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының тұлғасы төмендегідей:

ЕСКЕРТУ: Моңғол, қазақ тілдеріндегі бағыныңқы сөйлемдердің құрылысында өзгешелік бар. Сол өзгешелігін дәл түсіндіру үшін моңғол тіліндегі бағыныңқы сөйлемдерді қазақ тіліне сөзбе сөз аудардым.

а. бағыныңқы сөйлемнің бастауышы

1. Салалас құрмалас сөйлемнің бастауышы атау септігінде тұрса, сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы сөйлемнің бастауышы көбінесе ілік септігі мен табыс септігінде тұрады. Мысалы:

—Таны захналсан хэвлэл ирсэн байна.

(Сіздің тапсырған баспаларыңыз келген екен).

—Доржийг ирвэл бид угтаж авна.

(Доржыны келсе біз қарсы аламыз).

2. Бағыныңқы сөйлемнің бастауышы төмендегі ретте айтылмайды:

а) тәуелдік жалғауымен бастауышы айтылмай білініп тұрады.

Мысалы:

— модны сүүдэрт суусныг минь тэд мэдсэнгүй.

(ағаштың көлеңкесінде отырғанымды олар-білген жоқ).

— түргэн ирэхийг чинь би тэсч ядан хүлээнэ.

(тез келетіндігіңді мен тағатсыздана күтемін).

— мөдхөн ирэхлээр нь би уулзана.

(кешікпей келгенінде мен сөйлесемін).

б) бастауышы, сол бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің мағынасынан-ақ белгілі болса, ондай ретте айтылмайды. Мысалы:

— түргэн ирвэл би уулзья.

(тез келсе мен сөйлесейін).

3. Бағыныңқы сөйлемнің бастауышы елдің, жұмыс мәнсабының, ресми мекеменің атауынан болған ретте шығыс септігімен тұлғаланады. Мысалы:

— ЭЗХТЗ-өөс үзүүлж байгаа тусламж бол манай орны улс ардын аж ахуйг улам хөгжүүлэхэд чиглэгдэнэ (СЭВ-тен көрсетіп жатқан көмек—еліміздің халық шаруашылығын онан әрі дамытуға бағытталады).

4. Бағыныңқы сөйлемнің бастауышы, жіктеу есімдігінен, адамға қатысты атаудан болған ретте көбінде ілік, табыс септігінің жалғауымен тұлғаланады. Мысалы:

— Миний хэлснийг чи ойлгосонгүй.

(менің айтқанымды сен түсінбедің).

— Ээжийг иртэл би энд хүлээнэ.

(шешемді келгенше мен осында күтемін).

б. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы

Моңғол тіліндегі бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы төмендегі тұлғада тұрады:

1. Есімшеден болғанда атау, ілік, жатыс, табыс, шығыс, көмектес септігімен тұлғаланады.

— таны надад өгсөн энэ номыг би уншиж сонирхлоо

(сіздің маған берген мына кітабыңызды мен оқып тамашаладым).

— Батын мориор ирснийг би мэдсэнгүй.

(Батының атпен келгенін мен білгемін жоқ).

2. Көсемшенің әзірлік (бэлтгэх), шектік (угтах), жалғаспалы (дагалдах), зорих (мақсатты), кездейсоқтық (далимдах), созылмалы (үргэлжлэх), шартты (болзох), алмаспалы (дутагдах), дашрамдах (жөнекейлік) түрімен тұлғаланады:

— таныг өнөөдөр онгоцоор явбал, би хамт явна.

(сізді бүгін самолетпен жүрсеніз, мен бірге жүремін.

— сурагчдыг энд иртэл бид тэнд хүлээ

(оқушыларды мұнда келгенше біз сонда күте тұрайық).

— тэр хүнийг ирмэгц би гэр лүү явна

(ол адамды келісімен біз үйге кетеміз)

3. Бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен гә-(де-) етістігінің есімше, көсемшенің түрлері арқылы байланыстырады:

— чамайг маргааш ирнэ гэж миний ах хэлсэн

(сені ертең келеді деп менің ағам айтқан)

—дүү явна гэвэл би явахгүй
(бауырым кетемін десе мен жүрмеймін).

4. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есім сөзден болғанда септік жалғауымен тұлғаланады, кейде септеулік шылау тіркеседі:
—би таныг сургуульд багшийг мэдсөнгүй. (мен сізді мектенте мұғалімдігіңізді білген жоқпын).

Бағыныңқы сөйлемнің түрлері

(*ғишүүн өгүүлбэрийн зүйл*)

Моңғол тіліндегі бағыныңқы сөйлемдерді басыңқы сөйлемге қандай мүшелік қызмет атқаруына қарай **бастауыш бағыныңқылы сөйлем**, **баяндауыш бағыныңқылы сөйлем**, **анықтауыш бағыныңқылы сөйлем**, **толықтауыш бағыныңқылы сөйлем**, **пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем** деп бөледі.

Бастауыш бағыныңқылы сөйлем

(*өгүүлэгдхүүн ғишүүн өгүүлбэр*)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі бастауыш бағыныңқы сөйлемдер, басыңқы сөйлемнің бастауышының қызметін атқарады. Бастауыш бағыныңқы сөйлемнің өзінде бастауышы, баяндауышы болады. Бастауышы кейде ілік, табыс септігінде, кейде атау септігінде тұрады. Баяндауышы есімшеден, сын есімнен, кейде өзге есімдерден жасалады да, бірде ілік септігінде, бірде атау тұлғада тұрады.

Бастауыш бағыныңқы сөйлемнен соң оңаша тәуелдеудің «миць, маань, чинь, тань, нь» жалғаулары келіп, бастауыш бағыныңқы сөйлем скендігін айқындап тұрады. Мысалы:

- зочид гийчид ирэх нь тоогүй олон.
(қонақ-меймандар келуі шексіз көп).
- Болатын моринд сайн нь олонд алдаршжээ.
(Болаттың атқа мықтысы жұртқа аян бопты).
- та нарын хийсэн чинь олон түмэнд сайшаагджээ (сендердің істегендерің халыққа мақталыпты).

Баяндауыш бағыныңқылы сөйлем

(*өгүүлхүүн ғишүүн өгүүлбэр*)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі баяндауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемнің баяндауышының қызметін атқарады. Баяндауыш бағыныңқы сөйлемнің өзінде бастауышы, баяндауышы болады. Бастауышы, өзге бағыныңқы сөйлемнің бастауышы секілді ілік септігі мен атау септігінде тұрады. Баяндауышы көбінде есімшеден, кейде есім сөздерден жасалады. Мысалы:

- энэ морь бол өчигдрийн миний унадаг байна.
(бұл ат—кешегі менің мінгенім екен).

Анықтауыш бағыныңқылы сөйлем

(*тодотгол ғишүүн өгүүлбэр*)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі анықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемнің есім сөзден болған бір мүшесін анықтап тұрады. Анықтауыш бағыныңқы сөйлемнің өзінде бастауышы, баяндауышы болады. Бастауышы көбінде ілік септігінде,

кейде атау септігінде тұрады. Баяндауышы атау, ілік септігіндегі есімшеден жасалады. Кейде атау тұлғалы есімше мен есімше жұрнақтары жалғанған гә- етістігінің тіркесі түрінде келеді. Мысалы:

- номын сангаас таны авчирсан номыг би уншлаа
(кітапханадан сиздің әкелген кітабыңызды мен оқыдым).
- чи хүн явсан мөрөөр ороод яв
(сен кісі жүрген ізге түсіп жүр).
- миний унших гэсзи сэтгүүлийг та уншаарай
(менің оқыын деген журналымды сиз оқыңыз).

Толықтауыш бағыныңқылы сөйлем (*тусагдхуун гишүүн өгүүлбэр*)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі толықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышын толықтырып тұрады. Толықтауыш бағыныңқы сөйлемнің өзінде бастауышы, баяндауышы болады.

Толықтауыш бағыныңқы сөйлем, өзінің табыс септігіндегі баяндауышы арқылы басыңқы сөйлемнің етістік баяндауышына байланысын құрмаласады.

Толықтауыш бағыныңқы сөйлемнің бастауышы ілік, табыс септігінде тұрады да, баяндауышы табыс септігінде тұрып басыңқы сөйлемге бағынады. Кейде, табыс септігімен тұлғаланған гә- (де-) етістігі арқылы басыңқы сөйлемге бағынады. Мысалы:

- таны хэленийг би бүрэн ойлгосон.
(сиздің айтқаныңызды мен толық түсіндім)
- чамайг ирэхийг би хүлээс.
(сені келуінді мен күтейін)
- чамайг ирнэ гэдгийг бид мэдсэнгүй.
(сені келеді дегенді біз білгенбіз жоқ).

Пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем (*байц гишүүн өгүүлбэр*)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі пысықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышының мекенін, мезгілін, қимыл-сынын, мақсатын, шарт-себебін білдіреді. Пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің өзінде бастауышы, баяндауышы болады.

Пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің бастауышы табыс септігінде, ілік септігінде тұрады да, баяндауышы септік жалғауымен тұлғаланған есімшеден және көсемшенің шектік (угтах), әзірлік (бэлтгөх), шартты (болзох), алмаспалы (дутагдах), жалғаспалы (дагалдах), мақсатты (зорих), кездейсоқтық (далимдах) түрлерімен тұлғаланған етістіктен жасалады.

Моңғол тіліндегі пысықтауыш бағыныңқы сөйлемдер мағынасына қарай мекен пысықтауыш бағыныңқы, мезгіл пысықтауыш бағыныңқы, қимыл-сын пысықтауыш бағыныңқы, мақсат пысықтауыш бағыныңқы, шарт-себеп пысықтауыш бағыныңқы сөйлемдер болып бөлінеді.

1) Мекен пысықтауыш бағыныңқы сөйлем

(орны байц гишүүн өгүүлбэр)

Моңгол тилинде сабақтас құрмалас сөйлемдегі мекен пысықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышының мекенін білдіріп, хаа (қайда)? хаанаас (қайдан, қай жақтан)? хаагуур (қай жақпен, қай жермен)? хаашаа (қалай, қалай қарай)? деген сұрауларға жауап береді.

Мекен пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің бастауышы ілік септігінде тұрады да, баяндауышы барыс-жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауымен тұлғаланған есімшеден жасалады. Мысалы:

— миний гэр чиний буусанд буусан.

(менің үйім сенің қонғаныңа қонды).

— таны явснаар бид явна.

(сіздің жүргеніңізбен біз жүреміз).

— би өнөөдөр өчигдөр чиний түүснээс жимс түүнэ.

(мен бүгін кеше сенің тергеніңнен жеміс теремін).

2) Мезгіл пысықтауыш бағыныңқы сөйлем

(цагийн байц гишүүн өгүүлбэр)

Моңгол тилинде сабақтас құрмалас сөйлемдегі мезгіл пысықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышының мезгілін білдіріп, хэзээ (қашан)? хэдийд (қай кезде)? хэзээнээс (қашаннан)? хэдийнээс (қай кезден)? хэдийгээр (қай кезде)? хэдий хүртэл (қашанға дейін) деген сұрауларға жауап береді.

Мезгіл пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы төмендегі тұлғада тұрады:

а) Моңгол тилинде мезгіл пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы, егер, есімшеден болса, онда бастауышы ілік, табыс септігінде тұрады да, баяндауышы жатыс-барыс, шығыс, көмектес, ілік септігімен тұлғаланған есімшеде тұрады. Кейде баяндауышы атау тұлғалы есімшеден болса, одап соң септеулік шылау тіркеседі. Мысалы:

— таны явахад бид энд байсангүй.

(сіздің кеткеніңізде біз мұнда болған жоқпыз).

— би өчигдөр өрой та нарыг ирэхэд ирсен.

(мен кеше көшкө сіздерді келгенде келгенмін).

— таны явсны дараа бид очсон юм.

(сіздің кеткеніңіздің артынан біз барған едік).

— намайг ирэх хүртэл чи энд хүлээж бай.

(мені келгенге дейін сен осында күте тұр).

б) Моңгол тилинде мезгіл пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы, егер, көсемше тұлғалы болса, онда бастауышы табыс септігінде, кейде атау тұлғада тұрады да, баяндауышы көсемшенің әзірлік (бэлтгэх), шектік (угтах), жалғасналы (дагалдах), кездейсоқтық (далимдах) түрімен тұлғаланады. Мысалы:

— би нар гармагц эрт явна.

(мен күн шығысымен ерте кетемін).

— би багшийг хичээлээ заагаад иртэл энд байна.

(мен мұғалімді сабағын үйретіп келгенше осында боламын).

— Болдыг ирэхлээр бид явна.

(Болдны келгенде ғана біз кетеміз).

— Тэднийг ирэнгүүт бид ажилд явна.

(оларды келісімен біз жұмысқа кетеміз).

3) Қимыл-сын пысықтауыш бағыныңқы сөйлем (байдал байц гишүүн өгүүлбэр)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі қимыл-сын пысықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышының қимыл-сынын білдіріп, **яж** (қалай, қайтіп)? **ямар байдалтай** (қандай күйде, қандайлық жағдайда)? деген сұрауларға жауап береді.

Қимыл-сын пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің бастауышы атау, ілік, табыс септігінде тұрады да, баяндауышы көсемшенің созылмалы (үргәлжлөх), шектік (угтах) түрімен тұлғаланған етістіктен жасалады. Мысалы:

- Газар дәлхийд эрх чөлөө түгсээр, социалист лагерийн хил өргөжив (жер шарында бостандық етек ала-ала, социалистік лагерьдің шекарасы кеңейді)
- Газар дәлхий донсолтол дуу чимээ гарав (жер дүние тербелгенше дыбыс шықты)

4) Мақсат пысықтауыш бағыныңқы сөйлем (зорилгын байц гишүүн өгүүлбэр)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі мақсат пысықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышының мақсатын білдіріп, **юуны төлөө** (не үшін)? **яахын тулд** (қайту үшін, не істеу үшін)? **яахаа** (қайтетінін)? **яахаар** (не істеуге)? деген сұрауларға жауап береді.

Мақсат пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің бастауышы, басыңқы сөйлемнің бастауышымен ортақтасып, атау септігі тұлғасында тұрады. Баяндауышы, көсемшенің мақсатты (зорил) түрімен тұлғаланған етістіктен және ілік, көмектес септігімен тұлғаланған есімше септеулікпен тіркескен түрде тұрады.

Мысалдар:

- Дамба морь эрэхээр явсан (Дамба ат іздеуге кеткен)
- Бид эрдэм сурахын төлөө хамаг хүчээ дайчилна. (біз білім үйрену үшін бар күшімізді саламыз).
- Бид кино үзэхээр ирлээ. (біз кино көруге келдік).

5) Шарт-себеп пысықтауыш бағыныңқы сөйлем (нөхцөл шалтгаан байц гишүүн өгүүлбэр)

Моңғол тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі шарт-себеп пысықтауыш бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлемдегі етістік баяндауышының шарт-себепін білдіріп, **ямар учраас** (неліктен, не себептен)? **яаснаас** (қайткендіктен)? **яавал** (қайтсе)? **яасан тул** (неткендіктен, қайткендіктен)? деген сұрауларға жауап береді.

Шарт-себеп пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы септеулікпен тіркескен есімше тұлғалы болса, бастауышы атау септігінде тұрады да, баяндауышы көсемшенің шартты (болзох), алмаспалы (дугагдах) түрімен тұлғаланған етістік болса, бастауышы ілік, табыс септігімен тұлғаланып тұрады. Мысалы:

- Зун өвсийг ихээр хадсанаас бид малаа онд тарган оруулав. (жазда шепті мол шапқандықтан, біз малымызды қыстан семіз шығардық).

Өчигдөр бороо их орж байсан тул бид өвсөө хадсангүй.
(кеше жаңбыр үздіксіз жауып тұрғандықтан біз шөбімізді шапқан жоқпыз).

—Чамайг ажлаа олигтой хийгээд байвал эх чинь баярлаж байна даа (сені жұмысыңды тәуір істей берсең, анаң қуана береді ғой).

Хүйтний эрч улам чангаравч хүдэр эр даарсан шинжгүй байлаа (суықтың қарқыны онан бетер қатайса да, алпамсдай азамат тоңған бейнесіз тұрды).

Аралас құрмалас сөйлем

(холомог нийлмэл өгүүлбэр)

Моңғол тілінде қазақ тіліндегідей үштен жоғарғы сөйлем салаласып та, сабақтасып та, байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін аралас құрмалас сөйлем дейді.

Моңғол тіліндегі аралас құрмалас сөйлемдегі салалас сөйлемнің де, бағыныңқы сөйлемнің де, басыңқы сөйлемнің де бастауышы мен баяндауышының тұлғасы жоғарыда аталған тұлғада тұрады.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы салалас сөйлем де, бағыныңқы сөйлем де, басыңқы сөйлемнен бұрын орналасады да, шақтық мағынасы соңғы басыңқы сөйлемнің шақтық мағынасына тиянақталып айқындалады. Мысалы:

- Чамайг худаг дээр очоод ус аваад иртэл би үнээгээ саачихаад, Дулмаа цай чаначихаад байна (сені құдыққа барып, су алып келгенше, мен сибырымды сауып, Дулмаа шай қайнатып қояды)—деген аралас құрмалас сөйлемде бір бағыныңқы сөйлем, екі салалас сөйлем, бір басыңқы сөйлем бар. Дәлірек айтқанда:
- «чамайг худаг дээр очоод»—салалас сөйлем;
- «би үнээгээ саачихаад»—салалас сөйлем;
- «Дулмаа цай чаначихаад байна»—басыңқы сөйлем.

ҚОСЫМША (ХАВСРАЛТ) №2.

Моңғол, қазақ халықтарының ай санау дәстүрлері

Халықтардың жылды айға бөліп санау салтын ай санау деп атайды. Ай санаудың 1) маусым ай; 2) сан ай; 3) жұлдыз ай түрлері бар.

1. Маусым ай (улирал сар). Моңғолдар да, қазақтар да жылды төрт маусым айға бөледі: шөптің шығуы, пісуі, құрауы сияқты құбылыстарға; ауа райының жылуы, ысуы, салқындауы, сууы сияқты құбылыстарға байланысты болған. Әрбір маусымдағы үш айды: бас айы, орта айы, соңғы айы деп атайтыны моңғол, қазақ халықтарында бірдей болды. Олар төмендегідей:

моңғолша	қазақша
(дөрвөн цаг немесе дөрвөн улирал)	(төрт маусым)

1. Хавар сар:

- хаврын эхэн сар
- хаврын дунд сар
- хаврын сүүл сар

2. Зун сар:

1. Көктем айы:

- көктемнің бас айы
- көктемнің орта айы
- көктемнің соңғы айы

2. Жаз айы:

- зуны эхэн сар
- зуны дунд сар
- зуны сүүл сар

3. Намар сар:

- намрын эхэн сар
- намрын дунд сар
- намрын сүүл сар

4. Өвөл сар:

- өвлийн эхэн сар
- өвлийн дунд сар
- өвлийн сүүл сар

- жаздың бас айы
- жаздың орта айы
- жаздың соңғы айы

3. Күз айы:

- күздің бас айы
- күздің орта айы
- күздің соңғы айы

4. Қыс айы:

- қыстың бас айы
- қыстың орта айы
- қыстың соңғы айы

Ертедегі түркі халықтарында жылды айға бөлу, айды аптаға бөліп санау болған. Бірақ оларда жылды айға бөліп санау қазіргіден өзгеше үлгіде болынты. Мұсылман дінінен бұрынғы көпшілі түріктер айды төрт маусымға бөліп атаған.

2. Сан ай (тоон сар). Айды сан ретімен санаудың бұл түрі моңғол, түркі халықтарында көне дәуірден қолданылған. Айды сан ретімен санауы моңғолдарда, қазақтарда, ұйғырларда қазірге дейін сақталған. Айды сан ретімен төмендегіше санайды:

ай реті	көне түріктерде	моңғолдарда	қазақтарда	орысша
1.	Ілкі ай	нәгдүгээр сар	бірінші ай	январь
2.	екінші ай	хоёрдугаар сар	екінші ай	февраль
3.	үчінч ай	гуравдугаар сар	үшінші ай	март
4.	төртүнч ай	дөрөвдүгээр сар	төртінші ай	апрель
5.	бисінч ай	тавдугаар сар	бесінші ай	май
6.	алтынч ай	зургадугаар сар	алтыншы ай	июнь
7.	жетінч ай	долдугаар сар	жетінші ай	июль
8.	сегізінч ай	наймдугаар сар	сегізінші ай	август
9.	тоғұзынч ай	есдүгээр сар	тоғызыншы ай	сентябрь
10.	онунч ай	араудугаар сар	оныншы ай	октябрь
11.	бір йесірімнч ай	арван нэгдүгээр сар	он бірінші ай	ноябрь
12.	екі йесірімнч ай	арван хоёрдугаар сар	он екінші ай	декабрь

Әр айдың бірінен отызына дейінгі (1—30) күнінде сан ретімен санайды. Мысалы: арван хоёрдугаар сарын долоон—он екінші айдың жетісі. т. б.

Моңғол тілінде әрбір айдың бірінен онына дейінгі (1—10) уақытты «сарын гинэд» дейді. Бұл, қазақша «ай жаңасы» дегенге сәйкеседі. Ай дөңгеленіп толған кезді яғни 15-індегі көрінген айды моңғолдар «арван тавны сар» дейді. Бұл, қазақша «толған ай» деген атауға сәйкеседі. Әрбір айдың жиырмамынан (20-сынан) кейінгі уақытты моңғолдар «сарын хуучид» дейді. Бұл, қазақша «ай соңы, ай ақыры» деген атауға сәйкеседі. Айдың жиырма бесінен отызына (25—30) дейінгі аралықты моңғолдар «сар хуучрах» дейді. Бұл, қазақша «ай қараңғысы» деген атауға сәйкеседі.

3. Жұлдыз ай. Жер, «күнді» бір жылда толық айналып шығу

кезінде, жердің түн жағында адамға ғарыш орбитасынан көрінетін, жердің Күнді айналатын шеңбер жолының түспа-түс бойында орналасқан, «Бикеш, таразы, Бүйі, Мерген, Ешкімүйіз, Суқұйғыш, Балықтар, Тоқты, Торпақ, Егіздер, Шаян, Арыстан» деп аталған он екі шоқжұлдыздардың Жерге толық көріну аралығындағы уақытты «Жұлдыз ай» дейді.

Осы аталған он екі шоқжұлдызды «Зодиак» (жануар) шоқжұлдыз дейді. Зодиак деген ат, ерте кезде шоқ жұлдыздарды жануарлардың атымен атауынан шыққан. «Жұлдыз айдың» аттарын әр халық әртүрлі атап келген.

Жұлдыз ай аттары

маусым	зодиактік (жануарлық) шоқжұлдыздың қазақша аты	«Жұлдыз ай» атының оңсікі шоқжұлдызға сәйкесуі			
		орысша	қазақстан қазақтарында	монғолия қазақтарында	монғолия
көктем	бикеш	март III	наурыз	көкек	құбы=хувь сар
	таразы	апрель IV	көкек	мамыр	құжыр=хужир сар
	бүйі	май V	мамыр	маусым	үселжин=өвоөлж сар
жаз	мерген	июнь VI	маусым	шілде	көкой=хөхөө сар
	ешкімүйіз	июль VII	шілде	тамыз	уларұ=улар сар
	суқұйғыш	август VIII	тамыз	мізәм	үййрү=уур сар
күз	балықтар	сентябрь IX	қыркүйек	қазан	ғұрау=ғуруу сар
	тоқты	октябрь X	қазан	қараша	бұғұ=буга сар
	торпақ	ноябрь XI	қараша	желді	қуча=хуц сар
қыс	егіздер	декабрь XII	желтоқсан	қаңтар	келбетүр= . . сар
	шаян	январь I	қаңтар	үштің айы	идөлкү=идлэг сар
	арыстан	февраль II	ақпан	бірдің айы	үйғұмал=уйгамал сар

4. Апталық, сөткелік атаулар

Моңғол халқы айды аптаға, аптаны сөткеге (қонаққа), сөткәні сағатқа, сағатты минуттық бөлшектерге бөліп атайтын болған. Аптаның әрбір сөткесін Күн жүйесінде күнді айналып тұратын дүниенің атымен атаған. Ол атаулар төмендегідей:

а) апталық күндер атауы

ап-та-ның сан реті	моңғол-ша апталық күн аты	моңғол-ша дүниесі мен апталық күн атауы	қазақша апталық күнге сәйкесуі	орысша апталық күн атауы	орысша дүниесі атауына сәйкесуі
I	даваа	сумъяа	дүйсенбі	понедельник	луна
II	мясмар	ангираг	сейсенбі	вторник	марс
III	лхагва	буд	сәрсенбі	среда	меркурий
IV	пүрөз	бархасвадь	бейсенбі	четверг	юпитер
V	баасан	сугар	жұма	пятница	венсера
VI	бямба	санчир	сенбі	суббота	сатурн
VII	ням	адъяа	жексенбі	воскресенье	нептун

**б) Аптаның әр күнінің элементтік-жұлдыздық атаулары
(долоо хоногийг махбод гариг одонгоор нэрлэх нь)**

апталық күн реті	элементтік дүниемен атауы (махбод гаригаар нэрлэх нь)		элементтік жұлдызбен атауы (махбод-одонгоор нэрлэх нь)		орысша планета-мен сәйкесуі
	моңғолша	қазақшасы	моңғолша	қазақшасы	
I	наран гариг	күн дүние	наран одон	күн	солнце
II	саран гариг	ай дүние	саран одон	жұлдыз ай	луна
III	гал гариг	от дүние	гал одон	жұлдыз от	марс
IV	усан гариг	су дүние	усан одон	жұлдыз су	меркурий
V	модон гариг	ағаш дүние	модон одон	жұлдыз ағаш	юпитер
VI	алтан гариг	алтын дүние	алтан одон	жұлдыз алтын	венера
VII	шороон гариг	топырақ дүние	шоросн одон	жұлдыз топырақ	сатурн

**5. Сәткелік (қонақтық) уақыт атаулар
(хоног цагийг нэрлэх нь)**

Моңғол календары бойынша бір сәткені он екі (12) сағатқа бөліп, әрбір сағатты жыл қайыру жүйесіндегі онекі (12) жөндіктің атымен атайды. Моңғол календарының бір сағат уақыты бұрын григориан календарының екі (2) сағат уақытына тең болған.

Моңғол календарында бір сағат уақытты төмендегі ұсақ атауларға бөлген:

- мөч=15 минут
- хувь=1 минут
- нарийн хувь=1 секунд

Бір сәткені (қонақты) бұрынғы моңғол календары бойынша онекі (12) сағатқа бөліп, оны жыл қайыру жүйесіндегі онекі хайуан атымен атаған. Олар:

моңғолша аты	сәйкесетін сағаты
1. Хулгана цаг (тышқан сағат)	23—01
2. Үхэр цаг (сиыр сағат)	01—03
3. Бар цаг (барыс сағат)	03—05
4. Туулай цаг (қоян сағат)	05—07
5. Луу цаг (ұлу сағат)	07—09
6. Могой цаг (жылан сағат)	09—11
7. Морин цаг (ат сағат)	11—13
8. Хонин цаг (қой сағат)	13—15
9. Бичин цаг (мешін сағат)	15—17
10. Тахиа цаг (тауық сағат)	17—19
11. Нохой цаг (ит сағат)	19—21
12. Гахай цаг (доңыз сағат)	21—23

Мысалы: Бір моңғол адам біреуге 1986 жылы хат жазып, хат соңында уақытын «бар жилийн баасан гаригт морин цагт бичив» десе, ол қазақша «1986 жылы жұма күні 11—13 сағатта жаздым» деген сөз.

Жыл қайыру жайлы

Моңғолдар уақыт мөлшерін екі түрлі жыл қайыру жүйесімен есептеген. Оның бірі тибетше «Алпыстық жыл қайыру» (жаран) жүйесі. Алпыстық жыл қайыру жүйесі 1027 жылдан басталынты. Екіншісі, шығыс халықтарында қолданылған «он екі мүшел жыл» жүйесі.

«Он екі мүшел жыл» аттары

моңғолда	қазақта	көне түрік тілінде (VIII—X ғ.)
Хулгана	Тышқан	Қуску/сычган
Үхэр	Сыыр	Уд/сығыр
Бар	Барыс	Барс
Туулай	Қоян	Табышқан
Луу	Ұлу	Лу/нек
Могой	Жылан	Иылан
Морин	Жылқы	Иунд
Хонин	Қой	Қон/кой
Бичин (мичин)	Мешін	Бічін
Тахиа	Тауық	Тақығу/тақағу
Нохой	Ит	Ыт
Гахай	Доңыз	Лағзын/тоңуз

Алпыстық жыл қайыру («жаран»)

Алпыстық жыл қайыру жүйесі «он екі мүшел жыл» реті бойынша әрбір хайуанды бес элементпен (ағаш, от, топырақ, темір, су) және байырғы бес (көк, қызыл, сары, ақ, қара) өңмен атап, әрбір элементті «еркек», «ұрғашы» деген ұғым беретін өңмен атау арқылы «Алпыстық жыл қайыру» (жаран) жүйесін қолданған. Ол жүйенің кестесі төмендегідей:

элементтер реті		I		II		III		IV		V	
элемент аты		ағаш (модон)		от (гал)		топырақ (шороо)		темір (төмор)		су (усан)	
жыл реті жыл аты	өң (өнгө)	көк (хөк)	көкшүлан (хөхөгчин)	қызыл (улаан)	қызылшүлан (улаагчин)	сары (шар)	сарышүлан (шарагчин)	ақ (цагаан)	ақшүлан (цагагчи)	қара (хар)	қарашүлан (харагчин)
	1.	қоян (туулай)		49		1		13		25	
2.	ұлу (луу)	38		50		2		14		26	
3.	жылан (могой)		39		51		3		15		27
4.	ат (морин)	28		40		52		4		16	
5.	қой (хонин)		29		41		53		5		17
6.	мешін (бичин)	18		30		42		54		6	
7.	тауық (тахиа)		19		31		43		55		7
8.	ит (нохой)	8		20		32		44		56	
9.	доңыз (гахай)		9		21		33		45		57
10.	тышқан (хулгана)	58		10		22		34		46	
11.	сиыр (үхэр)		59		11		23		35		47
12.	барыс (бар)	48		60		12		24		36	

Моңғолдарда «Алпыстық жыл қайыру» жүйесі 1027 жылы от элементті қызылшулан қоян жылынан басталып, 1986 жылға дейін «Алпыстық жыл қайыру» жүйесі, он алты рет қайталапты.

«Алпыстық жыл қайыру» жүйесінің реті, жылға сәйкесуі төмендегідей:

«Алпыстық жыл қайыру» жүйесінің реті	Европа календарына сәйкесуі	«Алпыстық жыл қайыру» жүйесінің реті	Европа календарына сәйкесуі
I	1027—1086	IX	1507—1566
II	1087—1146	X	1567—1626
III	1147—1206	XI	1627—1686
IV	1207—1266	XII	1687—1746
V	1267—1326	XIII	1747—1806
VI	1327—1386	XIV	1807—1866
VII	1387—1446	XV	1867—1926
VIII	1447—1506	XVI	1927—1986

Қысқартылған сөздер (товчилсон үг)

- агр. — агрономия — агрономи
 ауыс. — ауыспалы мағына — шилжмэл утга
 биол. — биология — биологи
 бот. — ботаника — ботаник
 гидр. — гидрология — гидрологи
 диал. — диалектология — диалектолог
 ес. — есімдік — төлөөний үг
 ет. — етістік — үйл үг
 қаз. — қазақ — казах
 орг. — органикалық — органик
 соц. — социология — социалог
 теор. — теорема — теорем
 тех. — техника — техник
 экон. — экономика — эдйин засаг

Монгол-казах толийн залруулга
(монголша-қазақша сөздіктің түзетуі)

бстг	мөр (жолы)		ташаарсан нь (төріс басылуы)	залруулсан нь (дұрыс оқылуы)
	жоғарыдан (дээрээс)	төменнен (доорос)		
362	—	25	дауыссыздар	дауыстылар
381	29	—	өвөрмцлэх	өвөрмөцлөх
387	18	—	өмгөөлөл	өмгөөлөл
389	—	8	хөхнүүр	хөхүүр
392	32	—	етуге	ету
393	—	13	үг	үе
394	11	—	хүн	≈ хүн
396	35	—	туйлуург	туйнууг
397	29	—	қымызғың	қымыздың
417	—	17	таңырқарлықтай(тай)	таңырқарлық(тай)
420	17	—	қылилаттыру	
424	—	12	асууж сурагдаж	асууж сураглах
428	33	—	СҮЙ-Х I	СҮЙХ I
428	37	—	СҮЙ-Х II	СҮЙХ II
431	—	15	сэм	сэв сэм
449	—	17	дәрмені	дөрменді
450	20	—	тахилзуур	танхилзуур
479	—	13	сүймийн	сүмийн
486	—	21	түйіріпкелту	түйіртпектелу
487	—	3	түрглүүүлэх	түргэлүүүлэх
496	3	—	☆	≈
497	27	—	захас	ахас
522	—	20	тоосно	тоосго
523	19	—	ауыр	ауыс
530	16	—	сэтгэлййн	сэтгэлийн ≈
533	—	6	өнегеге	өнесге
540	12	—	хэргий нь	хэргий нь ≈
549	—	19	ерін	еркін
551	—	2	толық қатқан	толық қатпаған
552	10	—	ХАЛ-Х	ХАЛХ I
568	7	—	хөлтэй	хэлтэй
570	—	26	≈од	≈ад
572	10	—	көмекесу	көмектесу
575	27	—	сру	ету
587	—	13	урд	урьд
599	9	—	☆ өрх	☆ хот өрх
599	—	6	хотолгоор	хотлоор
602	11	—	≈ ≈	≈
609	—	11	чулууг	чулууд
617	5	—	емшекте	емшекше
620	29	—	цагаан нь	царай нь
627	1	—	≈ны чинээ □ ≈ны чинээ	□ ≈ны чинээ
627	—	22	тэйжітекті	тектэйжі
640	—	16	ааруул	ааруул ≈

648	--	20	эрдмийн	эрдмийн ≈
659	—	8	айулы	айтулы
659	28	—	хэгхэглэх	хэнхэглэх
661	—	9	жүинде	жүзінде
662	16	—	байцах	байцаах
665	29	—	қарябас	қарабас
673	1	—	☆ тууз	☆ ≈ тууз
688	4	—	дэрээмдэх	дээрэмдэх
697	—	10	☆ хар	≈ хар
701	--	23	эрээ ≈	эрээ ≈ хүн
704	—	2	маңызды	маңызы
704	—	14	цаагдуурдах	цаагуурдах
705	15	—	тооноос=шил	тооноос ≈ т шил
705	—	25	мөркий	мөрний
708	13	—	найраг-	хайраг
708	—	10	чацуулалах	чацуулах
708	24	—	батырғыш	батырғыш
711	—	5	эрдийн	эрденийн
716	—	18	чолое ≈	≈ гуйх
722	32	—	белбемсн	белбеумен
727	25	—	көне	кене
731	31	—	давуу	даавуу
731	32	—	≈ өртөг ≈	≈ өртөг
741	—	6	нарийн	нарийн шилбэ
744	11	—	≈	ярих
749	*8	—	ШОЛБОЙЛГОХ	ШОЛБОГОР
749	8	—	(денені)	(дене)
754	3	—	шилж	ауыс.
757	14	—	☆	сілекей безі
768	8	—	≈ хангай ≈ хангай	≈ хангай =
770	19	—	хүйс	≈ хүйс
783	—	4	≈т	≈т амьтан
786	9	—	нен	ген
787	5	—	жымыр	жымыс
790	13	—	лууулах	луулах

ИНДЕКС 4М(03) X—1
Б—166 738—84

Б. БАЗЫЛХАН

МОҢҒОЛША—ҚАЗАҚША СӨЗДІК

40000-ға жуық сөз

кеңес берген
Қазақ ССР Ғылым Академиясының
академигі, доктор, профессор
А. Т. ҚАЙДАРОВ

Редакторлары: Н. СЕЙІЛХАН, Х. ШАЙМАРДАН

Техник редактор **Ж. Күлзат, Б. Муса.**

Хянагч нар: **Р. Касмия, Х. Алпысбай,**

Ж. Күлзат, Т. Нурпейс,

А. Алтай,

1984 оны 3-р сард ерөлтөнд оруулж,
1987 онд 10000 ш. хэвлэв. Цаасны
хэмжээ 70X108 1/16. Х.х. 55,5. Х.н.х. 77,7,
Тосцооны Х.х. 72. Ж—06009.

**Баян—Өлгий аймгийн СХ-ийн «Жана Өмир»
сонины Хэвлэх үйлдвэрт хэвлэв.**

Улаанбаатар — Өлгий — 1987 он.

Үнэ 30 төг.